Қазіргі заманда бүкіл әлемде ойын индустриясы тез дамып жатыр. Біздің өмірімізді түрлі жанрдағы, тақырыптағы ойындарсыз елестету қиын. Ойындар біздің қоғамның бір бөлігіне айналды, және кино, теледидар және бұқаралық ақпарат құралдары сияқты дүниетанымымызға әсер ете бастады. Атақты кинорежиссерлер ең танымал видео ойындар негізінде фильмдер жасайды, әйгілі кітаптар мен комикстердің сюжеттеріне негізделген ойындар пайда болады. Ойындар тек ойын-сауық көзі емес, олардың оқыту, білім беру мүмкіндігі мол. Көптеген компьютерлік ойындар сізге нақты өмірде қажет жаңа дағдылар мен іскерліктерді үйренуге мүмкіндік береді. Шет тілдерін, географияны, математиканы және басқа салаларды үйренуге арналған ойындар бар. Мұндай ойындар қысқа уақыт ішінде белгілі бір білімді игеруге тырысатын балаларға да, ересектерге де жарамды. Тіпті ойындардың ең танымал жанры атыс соғыстар адамның реакциясы мен моторикасын жақсартады.

Қазіргі кезде ойындардың білім саласындағы рөлі біртіндеп өсіп жатыр. Әлемдегі университеттерде ойындарды оқудың бір бөлігі ретінде қолданып, жаңа арнайы ойындар шығарылып жатыр. Кейбір балабақша, мектептерде балаларды ойын арқылы қызықтырыра үйрету тәсілдерін қолданады. Өйткені, білім қызық болса, оған деген талпыныс одан сайын өседі. Ойындардың білім саласында өзінің термині де бар – эдьютеймент, ағылшынша education(білім) + entertainment(ойын-сауық), оның негізгі тезисі - көңіл көтеру арқылы білім беру.


Жоғарыда айтылғандай, ойындар білім саласында көбірек қолданып жатыр, мысалы, АҚШ-тағы Гарвард университетінде денсаулық және медицина саласында оқып жатқан студенттердің оқу жоспарларына арнайы ойындар қосылған. Мысалы, хирургиялық жұмыстарға симуляция жасау. Бұл ойындар, әсіресе, медициналық оқыту мекемелері үшін тиімді екен, өйткені олар шығындарды азайтып, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын тудырады, бұл оқу нәтижелерін жақсарта алады. Көптеген студенттерге заманы өтіп кеткен, ежелгі тілдерді, мысалы, латын тілін оқу қиын болады, бірақ-та ойындар арқылы зерттеу өте қызықты бола алады. Коннектикут университеті өз профессорлары арқылы жасалған ойындар көмегімен латын тілін өмірге қайтарады, ойындар бакалавриат және магистратура курстарында

да қолданылады. Пенсильвания университеті бизнес-білім беру курстарын толықтыруға арналған 30-дан астам ойынның дамыуына ықпал етті. Ойындар экономика, қаржы, менеджмент және маркетинг сияқты тақырыптарды қозғайды және көбінесе студенттер жұмыс әлемінде өздері болған кезде кездесетін нақты сценарийлерді модельдейді. Ойындар күрделі, бірақ сонымен бірге қызықты, студенттерді өз дағдыларын дамытуға және іскерлік дилеммаларды басқаруды үйренуге негізделген. Басқаша айтқанда, АҚШ пен Еуропа елдері ойындарды білім саласында қолдануды жақсы дамытып жатыр.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта жаңа технологияның шығуы, ол - виртуалды шындық әлемдері технологиясы сияқты. Бұл технология әлі де жаңа болып, зерттеліп білім саласында қолдану тәсілдері тәжірибеге алынып жатыр. Сондықтан жобаның басты мақсаты - ойындар жәй “уақыт өлтіру” құралы еместігін дәлелдеу, ойын арқылы адамды оқытуға болатынын көрсету, Ахмет Байтұрсынов тұлғасына деген қызығушылықты дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге және педагог өмір сүрген дәуірге енуге көмектесетін осындай бағдарламалық өнімді жасау болды (сурет 1-2).



Сурет 1



Сурет 2


Жоғары сапалы бағдарламалық жасақтаманы алу үшін жоғары сапалы графикасы, реализмі, түсінікті интерфейсі бар қозғалтқыш ретінде Unity бағдарламасын пайдалану туралы шешім қабылданды. Бұл қосымша мобильді ойындарды, қосымшаларды дамыту үшін жақсы таңдау болып табылады, өйткені жасалған өнімнің минималды талаптары бар.

БҚ құру міндеттері:

- 1) Unity зерттеу
- 2) Ойын логикасын қалыптастыра білу
- 3) Графиканы құру
- 4) Анимацины құру

Unity'ді үйрену үшін C# бағдарламалау тілін үйрену кезінде алынған білім қажет болды. Бірақ 3D модельдерін құрумен еңбектенуге тура келді, модельдеу үшін Blender 2.9 бағдарламасы таңдалды, өйткені ол қазіргі уақытта 3D модельдеуде ең танымал бағдарлама. Ойын логикасын қалыптастыру үшін ойынды әртүрлі жанрларда жазу керек болды. Жоба барысында, мысалға осындай жеке жобалар құрылды:

- Жер платформасы;
- Алматы қаласындағы А. Байтұрсыновтың үйі мұражай ретінде;
- Интерактивті кітап.



Сурет 3


Әр кезеңде маңызды қадамдар жасалып, жаңа құралдар қолданылды. Графика мен анимация жасау үшін жергілікті жердің, үйдің үлгілері, А.Байтұрсыновтың бюсті жасалды, қоршаған орта, кеңістік қалыптастырылды, импортталған нысандар, ассеттер, сыртқы ресурстар пайдаланылды, жарықтандыруды баптау, эффектер қосылды.

Жобаның бірінші нұсқасын жасау апробацияланып, "Ақпараттық жүйелер" мамандығының II курс студенттеріне презентация форматында көрсетілді, онда білім алушылар көрермендер мен төрешілер рөлінде болды, содан кейін сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері келесі кестеде көрсетілген:

№	Ұнады	Ұнамады	Қалыс қалды
1	70%	18%	8%

Көрермендер мен төрешілер өз идеяларын ұсынды, оларды қолдануға және енгізуге болады, II курс студенттеріне C# тілінде жаңа бағдарламалау жадында, тілдің мүмкіндіктерін, қолданылу

аясын көру қызықты болды, сонымен қатар олар жаңа және өзекті нәрсені көрді.



Студенттердің ұсыныстары біздің жұмысымыз үшін өте маңызды екенін түсіндік. Ол жұмыс ішіндегі қателіктеріміз бен кемшіліктерімізді тауып түзетуге мүмкіндігін береді.



Сурет 4

«Ахмет әлемі» жобасының құрылуы және жүзеге асырылуы аяқталды. Жоспар бойынша қойылған тармақтар мен тапсырмалар толығымен орындалды. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткіздік деп есептейміз.

Бұл ойын жасөспірімдердің көбі ойнайтын ойындарға ұқсамайды, жоба мүлдем басқа мақсаттарды көздейді:

- Ойындар арқылы білім алуға, оқуға қызықтыру
- Ойындар тек ойын-сауық еместігін дәлелдеу;
- Оқитын адамға талпыныс беру;
- Ойындар білім беру саласының ажырамас бөлігі бола алатындығын көрсету;
- Өз еліне және оның қайраткерлеріне деген қызығышулық туғызу.

Ойын оқушыларға, қазақ тарихы, әдебиетімен таныс емес адамдарға көрсетіліп, олардың Ахмет Байтұрсынұлына, қазақ әдебиетіне деген қызығышулығын арттырды. Бұл үлкен жетістік деп санаймыз. А.Байтұрсыновқа арналған іс-шаралар өткізетін ұйымдарда, сабақтарда, мұражайларда, кітапханаларда пайдалануға дайын жоба бола алады.

Қазіргі кезде ойындар қоғамның, әсіресе, ғылым мен білім саласының бір бөлігі болуы үшін ақырындап қадамдар жасап жатыр. Бірақ ойындардың потенциалы өте үлкен, әр түрлі салада жетістікке жету мүмкіндіктері көп. Сондықтан, ойындар адамға қатысты барлық салада толық қатысса, болашақта ойындардың шексіз мүмкіндіктері қолданылады деп үміттенеміз.

Ойынды жасауға арналған және осы жобада қолданылған бағдарламалық қамтамасыз етулер өте пайдалы әрі олармен жұмыс істеу қызықты болды деп ойлаймыз. Unity қозғалтқышы, жобадағы ең керек ең маңызды тірек бағдарлама болды, өте икемді әрі бағдарламамен жұмыс істеу оңай болды. Blender мен Autodesk 3ds Max 3D модельдеу бағдарламаларымен басында жұмыс істеу күрделі болса да, үйрене келе оңай әрі ыңғайлы болды. Олардың Unity сияқты өте керек құралдары болды, олармен жұмыс істеу бізді 3D графика саласына көп үйретті. Жоба бойынша жұмыс жасау біз үшін маңызды және пайдалы тәжірибе болды деп есептейміз.

*Тойбекқызы Назерке, студент
Кипшаков С.А., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

ТҰРҒЫН ХОСТЕЛДЫҢ ДИЗАЙНЕРЛІК ШЕШІМІ

Тарихи тұрғыда хостел бұл еуропалық апартаменттердің, орыс табыс үйлері мен американдық мотельдердің симбиозы, олар осыдан жүздеген жыл бұрын саяхатшыларға түнеу үшін арзан орын ұсынған. Қазіргі уақыттың мағынасындағы бірінші хостел XX ғасырдың басында, 1909 жылы, Германияда құрылған. Қазақстанда хостелдар 2010 жылдан бастап пайда бола бастады.

Қазіргі уақытта біздің қалаға басқа аймақтардан келетін жастардың, студенттердің ең алғашқы және өзекті мәселесі ол оқу уақытында уақытша немесе көп мерзімге тұрғын табу. Алайда, көбінесе пәтерді жалға алу жастарға қымбатқа түседі, сондықтан олар 5-6 студенттерден топ құрып 2 немесе 3 бөлмелі пәтерді жалдайды, әрине бұл кейін ыңғайсыздық тудырады, жәнеде жалға берушілер пәтердің көріктілігіне, интерьердің жоспарына, бөлмелердің түстік шешіміне мән бере қоймайды. Бұл әрине бәрімізге белгілі, жоғарыда айтылғанның барлығының ережесі сақталмаса, адам тітіркенеді, ыңғайсызданады, уақыт өте бұл депрессияға әкеледі түрлі проблемалар тудырады. Бұны көзге түсе қоймайтын бірақ маңыздылықпен ерекшеленетін өзектілік мәселе деп айтуға болады.

Хостелдың түсінігі, тарихы, өзектілігі және түрлеріне келетін болсақ, егер сіз әлемді көруді армандайтын болсаңыз, бірақ үлкен қаржы ресурстары жоқ болса, онда хостелде тұрып үнемдеуге болады. Ағылшын тілінен аударғанда «хостел» сөзі «жатақхана» дегенді білдіреді. Хостел түн өткізетін ең арзан тұрғын жері болып саналады, барлық уақытша тұрғын жерлерідегідей ол жерде ыстық су, душ міндетті түрде болады. Ал кейбір хостелдерде таңғы астар бөлменін құнына кіреді. Хостелдер таза және өте қатаң өмір сүру шарттарымен ерекшеленеді. Хостел (ағылш. Hostel «жатақхана») – қала қонақтарына, қысқа немесе ұзақ мерзімге тұрғын үй беретін орналастыру жүйесі, әдетте, бөлмеде қосымша ыңғайлық үшін жабдықтар орналастырылмаған [1].

Барлығы қонақ үй деген не екенін біледі және әр адам қонақ үй сервисінің мекеме жұлдыздарының санына сәйкес келу деңгейін көрсетеді. Бірақ, хостел дегеніміз не және оның дәстүрлі қонақ үйден айырмашылығын әркім біле қоймайды. «Хостел» сөзі

орыс тілді саяхатшылар мен туристердің лексиконында жақында негізделген қарыздық анықтама болып табылады. Классикалық «хостел» термині тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жатақхана қағидаты бойынша ұйымдастырылған салыстырмалы түрде шағын және өте бюджеттік қонақ үйді білдіреді, бұл тұруға орналастырудың осындай нұсқасын іс жүзінде әркімге қолжетімді етеді. Тарихи хостелдер жиырмасыншы ғасырдың басынан бастап Еуропада пайда бола бастады.

Сонымен белгілі нысан шеңберінде, тұтастық ретінде болатын, соңында алдын ала айтуға бола бермейтін адамның ортаны қабылдауының кіші жүйесі пайда болады. Оны белгілі ортадағы адамның өзінің жеке қабылеттеріне, көңіл күйіне, тәрбиеленген мәдениет дәстүріне байланыстырып көруге болады. Шын мәнінде ортаны қабылдау комфорт немесе ыңғайсыздық жағдайларды білдіретін қолданыстық тәжірибелік өзара әсерлесу каналдарына және визуалдық сезімдік сыртқы байланыстарына лайық әр түрлі болып анықталады. Шын мәнінде орта нысанын қабылдау мен баға беруде бес кіші жүйенің бәрі де қолданылады, олардың әрқайсысы, ортаның келесідей айырма белгілерімен тұтынушымен байланысты болады. Олар, көпфакторлық, күрделілік, құрылымдық және адамға әсер ету тәсілдері.

Осылардың нәтижесінде келіп, орта жүйесінің динамикалық деп аталатын кіші жүйесі шығады. Динамикалық деп аталатын кіші жүйе ортадағы үнемі әсер ету диалектикасы мен ортаның кіші жүйелерінің үнемі өзгеріп тұратын жағдай ретінде танылады.

Бұл структуралық құрамдаушыларын бірізділікпен еске түсіру мейлінше шартты түрде алынады. Тұтас бір жобаны жасау барысы, кез-келген звеноны көрсетілген тізбекте трансформация жасалса, онда жобалаудың барлық баспалдақтық жетістіктері соған қарай бейімделе түсімен байланысты.

Кейбір жағдайда тарихи мәні бар визуалдық құндылықтар, қазіргі уақытша нысанның мәніне қарағанда құнды болуы мүмкін. Ортадағы салыстырмалы түрде алынып отырған уақытша нысанды жобалау барысында көне құндылықтарды сақтай отырып жаңа нысанды оның шеңберінде жасау орынды. Бұл айтылғанға қала көшесінің көрінісін алуға болады. Көшенің сәулеттік-кеңістіктік құрылымдық ортасын мерекелік жобалау барысында көше екінші планға қалдырылып, оны сәндік безендіруі өзінің

міндеттерімен қоса алғанда бірінші планға шығарылады. Басқаша сөзбен айтқанда бұл алдымен ортаның сапалық мәні болып табылатын – тұтастық – жобалау барысында кез-келген кіші жүйенің бірін қалғандарының мәнін, ерекшеліктерін анықтайтын басты нысан етіп анықтауға мүмкіндік береді [2]. Сондықтан кешенділік – тұтас, алдын ала ойластырылған нәтижені алуға бағытталған әр текті әрекеттер мен іс-шаралар жиынтығы – ортаны жобалық қалыптастырудың міндетті шарты мен түбегейлі сипаты.

Ғимаратты таңдағаннан кейін бірінші кезекте иесі қызмет көрсету бағытын анықтауы тиіс. Сізде жұптар немесе студенттер үшін отбасылық қонақ үй бола ма? Саяхатшылардың барлық санаттары үшін де баспананы жасауға болады. Сыртқы декоративті әрлеу негізгі жайғастыру ережелерін сақтағаннан кейін ғана басталады. Қасбет хостелдың визит карточкасы деп айтсақ болады, қасбеттің мінсіздігіне қарап қонақтардың көңіл күйі жақсы болады және қызығушылық тудырады. Аумақтың жиналмаған түрі, маңдайшаның болмауы әлеуетті клиенттерде жаман әсер қалдырады, себебі сырты көрікті емес болса іші де көрікті емес. Сондықтанда хостелдың қасбеті мінсіз болуы тиіс. Әсіресе қасбеттің көріктілігін артып тұратын элементтер бір бірімен сәйкес болып ерекше композиция құруы керек. Қасбетті жоспарлау барысында бірнеше параметрлерді ескеру маңызды.

Біз ұсынып отырған ғимараттың жалпы ауданы 4180м². Жоспарлық пішіні қарапайым фигуралардың қосындысы нәтижесінде күрделі түрде жасалынған. Толығымен территорияның пішіні тіктөртбұрыштың формасымен жасалған. 1 суретте төбеден қарағандағы көрінісінде бұрама кілттің басына ұқсас пішінді көруге болады. Хостелдың жалпы абаттандыру кезінде екі автокөлік тұрағы орналасқан: негізгі тұрақ және қосымша тұрақ. Негізгі тұрақ хостелдың территориясының ішінде орналасқан, бұл тұрақ хостелде бөлмені көп уақытқа жалдау кезінде қолданылады. Сиымдылығы 18 көлік, орындарының ара қашықтығы, жолдың ұзындығы және ені автотұрақ стандарттарына сай жасалған. Негізгі үш автотұрақтың түрлері ішінен хостелде екі түрі қолданылады. Басты тұрақтың түрі перпендикуляр автотұрақ түрі.



1 сурет. Бас жоспар және негізгі автотұрақ

Ғимараттың екінші қабатында үлкен тераса орналасқан. Эскиз салу кезінде террасаны орнату біріншіден эстетикалық тұрғыда көрікті көріну мақсатында, екіншіден практикалық тұрғыда қолдану мақсатында орнатылған. Көлемі жағынан терраса үлкен, диаметры 20 метрды құрайды. Қысқы уақытта террасадағы демалыс жабдықтары алып тасталынып тек ғимараттан шықпай ақ таза ауа жұту мақсатында немесе басқада пассивты демалыс мақсатында қолданылады. Террасаның детальды түрі 2 суреттен көруге болады. Оларды салу үшін ғимараттар мен көпірлер құрылысында қолданылатын материалдар қолданылады. Кез-келген террасалар еденнен және жертөледен тұрады және қосымша элементтер, ең алдымен қоршау болуы мүмкін.



2 сурет. Хостелдегі террасаның жақын көрінісі

Хостел ғимараты жалпы екі қабаттан тұрады, негізгі стилі лофт. Бөлмелер саны 32 және әр бөлменің ішінде үш төсек орыны бар, яғни бір төсек бірқабатты басқасы екі қабатты. Бөлменің ауданы 20м^2 , ішінде адам тұру жағынан алғашқы бөлімдерде айтылған жалпы стандарттарға сай. Интерьерде бірінші және екінші қабаттар сатылардың, эвакуациялық шығу және ресепшн үстелін санамасақ толығымен бірдей формада жасалған. Бөлмелердің орналасуын жоспарда берілген 3 суретте көре аласыз.



3 сурет. Жоспар эскизіндегі бөлмелердің орналасуы

Бір біріне қарама қарсы ара-қашықтығы 4 м, есіктердің ашылу кезінде ешқандай кедергі келтірілмейді. Сан жүйесінің орналасуы және жоспарлануы стандарттарға сай жасалған, дәретхана кабиналар және душ кабиналар саны 24. Олардың ортанғы бөлмесінде 32 қол жуғыштары бар жуынатын бөлме орналасқан. Хостел тұрғындарына сан жүйесі жалпы болғандықтан, арнайы әйелдер және ер адамдар зоналарына бөлінген

Бұл тақырыптың өзектілігі қаныққан нарық пен бәсекелестік жағдайында жатақханалар қала қонақтарына тиімді және танымал тұру құралы бола алады.

Хостелдар – бұл бюджеттік орналастыру үшін оңай орын, сонымен қатар белгілі бір құндылықтардың, белгілі бір

мәдениеттің шоғырлануы, өйткені ол өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Олар клиентті қызмет көрсету процесінде тарта алатын коммуникативті мәдениетті қалыптастырады. Хостелдың қонақ бөлмесінде интерьер жасалынған, ол келушіге мұнда тек көңіл көтеріп қана қоймай, өздерін жайлы сезінуге де мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сүлейменова Ә. Хостелдардың Қазақстан Республикасының туризміне әсері [Электронды ресурс] // Туризм бизнесі: Атамекен электронды журналы. – 2020. – №38. – кіру режимі: <https://inbusiness.kz> (09.03.2023).
2. Сүйіндіков Е.Т., Бодиков С.Ж., Кожиков Ж.А. «Ортаны жобалау». Оқу құралы. Қарағанды: ИП Марченко Г.Г., 2015-152б.
3. Милосавлевич Р. Как обставить квартиру /Пер. с серб. -хорв. – Москва: Стройиздат, 2001г. – 128б.: 96 ил.

Қайратқызы А., магистрант

Горбунова Н.А., к.п.н., ассистент профессора

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ПӘНДІК МАТЕРИАЛДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында»
(Н. Ә. Назарбаев)

Ақпараттық сауаттылық дегеніміз — компьютерлік технологияларды пайдалана білу, шешу үшін әр түрлі тапсырмаларды, ақпараттық — бұл ақпаратпен жұмыс істей білу жалпы: ғаламторда, кітапханаларда және т.б.

Қазіргі таңда, біз жастар, мектеп оқушыларына жаңа форматтағы заманауи техникалық бағыттарды игеріп, трендтегі

мәселелерге зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз. Игеріліп жатқан жаңа тәсілдегі технологиялар жұмыстарымызда қолданыста қажетті нәтижеге жетуге үлкен септігін тигізуде және ұстаздар тарапынан да даму мен тәжірибелік жақсартулар үздіксіз атқарылуда. Оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында сабақ барысында бөлім және тоқсан бойынша оқушылардың білімін тексеру кезінде Classtime бағдарламасын үздіксіз пайдаланамын.

ClassTime – орыс тілді интерфейсі бар тестілеуді ұйымдастыруға арналған тамаша қызмет. Әртүрлі тесттерді құрудың қарапайымдылығы және студенттермен сыныпта да, үйде де тест жүргізу мүмкіндігі - бұл қызметтің ерекше белгілері. Виртуалды сыныпты құру минимумға дейін азаяды: студенттерге өз аккаунттарын жасау қажет емес. Олар сілтеме бойынша өтіп, аты мен тегін көрсетеді.

Бағдарламаның артықшылықтары:

- Бағдарлама тегін (тек премиум пакеттері болмаса);
- Бағдарлама барысында оқушылардың қай тапсырмаға келгені, тапсырмада қай оқушы дұрыс бұрыс бірден көрініп тұрады;
- Тапсырма жауаптарын бірден тексеру мүмкіндігі мұғалім уақытын үнемдейді;
- Қарапайым интерфейс;
- Тесттерге YouTube сайтынан теңдеулерді, суреттерді, бейнелерді қосу мүмкіндігі

Негізгі кемшіліктер: тегін жоспардағы бірнеше нұсқалар. Мысалы, тегін жоспарда уақыт шектеуі жоқ.

Genially интерактивті визуалды коммуникациялар саласындағы әлемдік көшбасшы. Бұл таңғажайып презентацияларды, интерактивті суреттерді, викториналарды, орындау тәсілдерін, инфографикаларды, электрондық кестелерді, викториналарды, ойындарды, шолуларды, бейне презентацияларды, түйіндемелерді, сауалнамалар мен әлеуметтік медиа мазмұнын жасауға арналған барлығы бір онлайн құрал.

Genially артықшылықтары:

Genially 12 түрлі санаттағы 1100-ден астам үлгілерді ұсынады, сізге жобаларды жылдам жасауға және оларды қалағаныңызша

түрлендіруге, сонымен қатар жобаны нөлден бастауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, топқа бөлу барысында да The hat, Picker Wheel сияқты бағдарламаларды пайдалана отырып онлайн топтарға бөлуге болады. Стандартты топтан бөлуге қарағанда онлайн оқушылардың назарын аударады, мұғалімнің қағаз сияқты құрал жабдықтарға шығындауына қажеттілік туындамайды.

Mentimeter, Fyrexbox сияқты бағдарламаларды пайдалана отырып, оқушылардың ойын онлайн түрде кері байланыс жасау арқылы болады. Аталған бағдарламалардың барлығы оқушыларды функционалдық сауаттылығын арттыруда көмегі ерекше.

АКТ - ның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс - әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан - жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде АКТ - ны пайдалану мен оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Әрбір ұстаздың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация

құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш - карталарына салып берудің тиімділігін білеміз.

Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, оқытылатын оқу материалына және пәнге қызығушылықты арттырады. Презентациялар бір жағынан оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы. Оқушылардың ақпаратты теледидар, компьютер және т. б. техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтынын жақсы білеміз.

Әдебиет:

1. Кузнецова Е. г.оқу және жазу арқылы сыни (шығармашылық) ойлауды дамыту технологиясы // Педагогика мәселелері журналы, 2015.
2. Алибаева, С.А. Внедрение технологии развития критического мышления в преподавании предметов общественных дисциплин / С.А. Алибаева // Казахский язык и страноведение.-2014.- №3(27).- Б.22-29.
3. Прокина, Л. П. Технология развития критического мышления через чтение и письмо (РКМЧП) при обучении студентов русскому языку с методикой преподавания // Молодой ученый. — 2016. — № 15 (119). — С. 500-506.
4. <https://app.genial.ly>
5. <https://vc.ru/u/488600-zolotuhin-sergey/147844-classtime-prostoy-servis-testirovaniya>
6. <https://www.mentimeter.com>
7. www.fyrexbox.com

*Мусаева С.К., Гүльмамедова М.Т., студенттер
Копеев Ж.Б., PhD, аға оқытушы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКАСЫНА ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫН ҚОЛДАНУ

Бүгінгі білім беруді жаңарту жағдайында оны ақпараттандыру басым мәнге ие болып отыр. Жалпы бүгінгі күні әлемнің барлық елдерінің қоғамдық даму негізі болып білім, ақпарат және ақпараттық технологиялар болып табылады. Соған сәйкесті өркениет дамуының қазіргі кезеңін ақпараттандырумен және ақпараттық қоғамды қалыптастырумен байланыстыру кездейсоқ нәрсе емес.

Өзектілігі. Оқыту оқушылар үшін қызықсыз және монотонды іс-әрекетке айналмас үшін, әр сабақта оларға танылған жаңалықтың жағымды сезімін ояту керек. Компьютерлерді қолдануға негізделген оқытудың ақпараттық технологиялары көптеген мәселелерді жаңа тәсілдермен шешуге мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологиялармен танысқан кез-келген адамды таң қалдыратыны сөзсіз - бұл олардың оқу процесін және жалпы білім беру жүйесін жетілдіруге ашатын мүмкіндіктер ауқымы.

Қазіргі таңда әртүрлі мамандық өкілдері компьютерді белсенді қолданушылар болып табылады, ал компьютер қалам сияқты қарапайым құралға айналды. Дегенмен, уақыт тез өтіп жатыр, бүгінгі таңда мұғалімнен қолданушы дағдыларын ғана емес, сонымен қатар дизайн және бағдарламалау негіздерін де білуді талап етеді. Білім беру бағдарламалары, тест жүйелері, веб-ресурстар, электронды мәліметтер базасы және анықтамалықтар – осының барлығы қазіргі білім беру дамып жатқан, оқушылар мен мұғалімдер бейімделетін жаңа ақпараттық орта. Бірақ бұл ортаның өзі нақты дидактикалық міндеттерге, оқу процесінің шарттарына бейімделуі мүмкін. Авторлық электронды оқу құралдарын жасау білім берудің көптеген мәселелерін шешеді. Түрлі электрондық оқу құралын оңай жасауға негізделген технологиялардың бірі - Flash технологиясы.


Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Математика сабағында flash-технология негізінде құрылған электрондық оқу құралы арқылы оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру.

Теориялық маңыздылығы: Бастауыш сыныптағы математика пәнін оқу кезінде фигуралар және қозғалыс тақырыптарын электрондық оқу құралы арқылы игеруге бағытталған.

Практикалық маңыздылығы: Электрондық оқу құралын бастауыш сыныптағы математика пәнін оқыту кезінде оқушылардың білім деңгейін жоғарлату үшін қолдануға болады.

Электрондық ресурстардың дәстүрлі ресурстармен салыстырғанда артықшылығы оқу материалының көрнекілігін пайдалануда ыңғайлы құралдардың болуы болып табылады. Flash электрондық оқу құралын сабақтың кез-келген кезеңі үшін жасауға болады. Оны жаңа материалды түсіндіру және бекіту кезеңінде қолдануға болады. Осындай құралдың көмегімен оқушылардың материалды игеруін бақылауға болады. Бағдарлама ActionScript тілін қолдана отырып, бекіту кезінде қолдануға болатын логикалық оқыту ойындарын құруға мүмкіндік береді.

Электрондық оқу құралында бірнеше тақырыптар, есептер, білім тексеру материалдары қарастырылған (1-сурет).




Сурет 1 – Электрондық оқу құралының мазмұны

Flash нысандарды анимациялаудың үш түрлі механизмін ұсынады:


- кадрлік (классикалық) анимация;
- автоматты анимация (tweened анимация);
- сценарийге негізделген анимация.

Кадрлік анимация қолданған кезде міндетті түрде әр кадр үшін «stop();» командасын жазу қажетті, өйткені қосымша демонстрация кезінде әр кадрге тоқтамай, жүгіріп өтеді (2-сурет).




Сурет 2 – Кадрлік анимация

Батырмаларды шерте отырып, тақырыптарға, есептерге және тест тапсырмаларының кадрларына көшеміз. Әр батырмаға әрекет жасау арқылы біз ActionScript программалау тілінде сценарий жаздық (3-сурет).



Сурет 3 – Батырмаға жазылған код фрагменті

«Тіктөртбұрыш» тақырыбына арналған есептерді орындау кезіндегі электрондық оқу құралында орындалатын әрекеттер кезеңін қарастырайық (3-сурет).



а) Орындау алдындағы кезеңі




ә) «Қате» жауап болған кездегі кезеңі



б) «Дұрыс» жауап болған кездегі кезеңі

Сурет 4 – Тапсырмалардың орындалу кезеңдері

«Жауапты тексеру» батырмасына арналған код фрагментінен үзінді келтірейік (5-сурет).



Сурет 5 – Код фрагменті

Электрондық оқу құралдарын өз дәрежесінде қолдануды үйренген оқушылар зерттеуге құштар, өзі белсенді жеке жұмыс істей алады. Мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оқушыны пассивтіктен құтқарады. Оқытудың электронды құралдары дидактика мен әдістеменің жана қырынан дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Яғни, оны оқу үрдісінде пайдалану негізінде:

- оқытудың сапасы артады;
- оқыту жұмыстарының ұйымдастыру мен жүргізуге кететін шығындар азаяды;

- мұғалімнің оқыту барысында сабақ түсіндіру, бақылау алуы тапсырманың орындалуын қадағалау, бағалау, білім мен іскерлікті игеру деңгейлерін анықтау сияқты басқару жұмыстарының шығармашылық іс - әрекетке көшуіне алып келді;

- оқытудың мазмұны мен құрылымдарының өзгерісіне қарай оқу процесін оқу - әдістемелік құралдарменн қамтамасыздандыруды жетелетеді;

Оқушылардың электронды оқу құралдарын қолдануы шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді.

Қорытынды, оқушылар үшін электронды оқу құралы - өздігінен білімін толықтырып отыруға көмекші құрал көзі. Мұғалім үшін – ол өзінің педагогикалық тәжірибесі арқылы толықтырып және дамытып отыруға болатын ашық әдістемелік жүйе екендігіне көз жеткізуге болады.

*Мұхамбетова А.М., студент
Асанова Б.У., PhD, қауымдасқан профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті*

ДЕРЕКТЕР ҒЫЛЫМЫНА АРНАЛҒАН POWER QUERY

Түйіндеме

Бұл мақалада Power Query қосымшасының деректерді реттеу барысында атқаратын ролі мен оны қолдануда тиімділігі туралы айтылатын болады. Power Query қосымшасын Excel-мен салыстыра отырып, оның қолданылуда жеңілділігі көрсетіледі.

Кілттік сөздер: Power Query, Excel, Power BI, деректер, аналитика, Microsoft, M бағдарламасы, код.

2013 жылдары Microsoft әзірлеушілері Excel-ге арнап Power Query тегін қосымшасын жасап шығарды. Бұл қосымша:

- Деректеркорларды (SQL, Oracle, Access), ERP жүйелерін (SAP, Microsoft Dynamics, 1C...), интернет қызметтерін (Facebook, Google Analytics) және т.б қосымшаларды қоса алғанда 40 түрлі көзді деректерден базаға жүктеуге мүмкіндігі болады.

- Дерек файлдарының барлық түрінен (XLSX, TXT, CSV, JSON, HTML, XML...) еңгізе алады.

- Алынған деректерді «керексіз қоқыстан» тазалау: артық бағандар мен жолдар, қайталаулар, қосымша бос орындар және т.б көптеген қызметтерді жеңіл жасау мүмкіндігі бар.

- Деректерді ретімен А дан Я ға дейін орналастырып, сандарды мәтін ретінде түзеуге, бос орындарды толтыруға, кестенің дұрыс форматын таңдау және т.б функциялары бар.

Қазіргі уақытта Excel-дің жаңа форматтарында Power Query-дің жеке панелі бар. Сонымен қатар Power Query бизнес-аналитика бойынша қосымша Power BI-ға кірістірілген. Бұл Power Query-ді Power BI бағдарламасы арқылы толық қолдануға мүмкіндік туғызады.

1990 жылдың ортасынан 2000 жылдың басына дейін бизнеспен айналысатын адамдарға бағдарламалық жасақтаманы жазуға және оны пайдалануға ынталандыру үшін бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуде алға қарай қозғалыс бастады. Бұл идея көптеген ірі бизнес иелеріне ұнады, өйткені бағдарламалық жасақтаманы жазуға үйрену арқылы олар шығынды азайтар еді.

Бизнес аналитиктердің қатысуымен, олардың қолданатын көптеген стратегияларын пайдалана отырып бір модельге бағытталған архитектура құруға тырысты. Бұл схема бойынша бизнесмендер кодта жасалатын қандай да бір көрнекі тілдің (мысалы, UML) көмегімен модельдерді

тікелей анықтай алатын еді. Бірақ, жаңа тілді меңгеру оларға қиын түсуімен қатар, бағдарламалық тілді бірнеше ұғымдарды модельдеу үшін үйрену ыңғайсыз болды. Олар өздері жасаған модельдер бойынша әзірлеушілерге кодты ұсынып, «осымен жұмыс жасандар» деседе, ол жасалған кодтың сапа деңгейі төмен болып, жүзеге аспады. Ақыр соңында, бизнесмендердің кодты түсінбеуіне байланысты бұл идея құрдымға кетті. Олар өздері жазып отқан кодта не сөздер қолданғанын, не үшін қолданғанын түсіне алмады. Шынында да, кейде бағдарлама тілінде қолданылатын функциялар қиындау келеді. Осындай уақытты Microsoft компаниясы бұл жағдайды жақсарту үшін бір амал ойлап тапты. Ол M бағдарламалық жасақтаманы жасап шығару болатын. Бұл жасақтамада кодты жазудың оңайлатылғаны соншалықты, енді заттарды тікелей модельдеуге мүмкіндік туды.

M бағдарламалық қосымшасы Power Query қосымшасына кірістірілген. Яғни, қандай кестемен жұмыс жасасақта, ол M кодында белгіленіп отырады. Былай қарасақ, интерфейс арқылы шешім табуға болатын жерде бұл қосымшаның түкте қажеті жоқ секілді көрінеді. Бірақ та, Power Query бағдарламасында кей қолданыла алмайтын функциялар M кодын пайдалану арқылы шешімін табуға болады.

ABC 123 СтудентID	ABC ИИН	ABC 123 Телефон
1	020203054878	87756908002
2	030201056987	87025485754
3	201456987558	87785696585

Расширенный редактор

Запрос1


```

let
    Orders = Table.FromRecords({
        [СтудентID = 1, ИИН = "020203054878", Телефон = 87756908002],
        [СтудентID = 2, ИИН = "030201056987", Телефон = 87025485754],
        [СтудентID = 3, ИИН = "201456987558", Телефон = 87785696585]}),
    #"ДанныеСтудентов" = Table.TransformColumns(Orders, {"ИИН", Text.Proper})
in
    #"ДанныеСтудентов"
        
```

Сурет – 1. M кодының нәтижесі

1-ші суреттен байқасақ жазылған код бірден кесте түрінде, әрі қай тілде жазсақ та дұрыс қабылданды. Бұл дегеніміз, M кодының жеңілдетілгені соншалықты әрбір қолданушы оны өзінің тілінде толық жаза алатыны.

Excel мен Power BI да Power Query қосымшасында аздап өзгешеліктер бар. Егер Excel-де негізгі деген функциялар бар болатын болса, онда Power BI-да тағыда қосымша функциялар орналасқан (сурет-2).



Сурет-2. Power BI мен Excel қосымшаларындағы Power Query айырмашылығы

2-ші суретте байқағанымыздай Power BI қосымшасында визуалды көрсетілімге байланысты функциялары бар. Оның себебі, бұл қосымша әуелден аналитиктерге жұмыс істеу барысында оңай қосымша болу үшін жасалған. Ал, Excel қосымшасында көбінесе деректерді жазу, реттеу, жіберуге байланысты функциялар ғана қалған.

Excel-мен жұмыс жасайтын адамдар оны реттеу барысында көп қиындық пайда болатынын, реттеу жұмыстары бірнеше сағатқа созылатынын айтады. Зерттеулерге сүйене келе Power Query-да берілген деректерді реттеу бірнеше минуттан 1 ғана минутқа қысқартуға болатынын дәлелдеді. Оған бағандар мен жолдарды басқару функциялары көмектеседі.

Power Query баған бойынша жұмыс істейді. Мысал ретінде, бір бағанда тек сан немесе тек жазу тұруы қажет. Бір баған ішінде санымен сумма, ай/жыл қоса заттың құны жүрсе бағдарлама оны оқи алмайды. Сол себепті Excel-де әдетте «адамға ыңғайлы» етіп жасалатын кестелерді Power Query-ге ауыстырған уақытта «машинаға ыңғайлы» етіп ауыстыру қажет болады.

Мысал ретінде, Excel-де және Power BI-да «адамға ыңғайлы» форматтан «машинаға ыңғайлы» форматқа ауыстыру үшін қанша уақыт кететінін байқап көрелік.

2	Category	Subcategory	Jan, 2017	Feb, 2017	Mar, 2017	Apr, 2017	May, 2017	Jun, 2017	Jul, 2017	Aug, 2017	Sep, 2017	Oct, 2017	Nov, 2017	Dec, 2017	Grand Total
3	Advertising	SMM	\$1 131	\$2 635	\$4 134	\$2 179	\$2 637	\$3 279	\$2 218	\$3 287	\$3 885	\$2 484	\$5 441	\$3 551	\$38 864
4	Advertising	SEO	\$666	\$3 695	\$2 868	\$4 862	\$3 439	\$4 612	\$2 774	\$3 003	\$2 401	\$4 413	\$3 881	\$2 143	\$38 757
5	Advertising	Google Ads	\$1 892	\$4 727	\$3 656	\$4 449	\$4 051	\$6 257	\$4 871	\$5 231	\$5 461	\$5 529	\$5 220	\$6 025	\$57 869
6	Advertising	TV	\$5 317	\$16 221	\$16 752	\$16 552	\$17 204	\$25 354	\$17 584	\$20 409	\$18 268	\$20 567	\$25 571	\$22 106	\$221 905
7	Advertising	POSM	\$809	\$2 684	\$2 917	\$3 425	\$2 716	\$3 260	\$3 773	\$3 523	\$3 111	\$4 985	\$4 348	\$39 803	
8	Advertising	Radio	\$3 554	\$18 758	\$20 905	\$18 046	\$21 680	\$22 456	\$23 955	\$22 922	\$20 950	\$21 905	\$24 019	\$23 587	\$242 777
9	SubTotal Advertising		\$14 099	\$52 447	\$54 596	\$54 428	\$55 734	\$69 521	\$60 182	\$62 770	\$59 431	\$62 397	\$74 541	\$67 059	\$687 007
10	Salary	Sales Department	\$370 205	\$726 786	\$384 811	\$419 822	\$458 523	\$619 456	\$526 348	\$647 048	\$557 368	\$615 032	\$802 831	\$789 234	\$6 514 864
11	Salary	Production Department	\$346 295	\$289 524	\$255 097	\$346 783	\$399 691	\$546 092	\$441 037	\$432 400	\$468 572	\$483 913	\$558 232	\$590 261	\$5 257 897
12	Salary	Operations Department	\$133 613	\$165 941	\$178 287	\$265 901	\$286 630	\$445 270	\$299 106	\$407 069	\$391 580	\$481 316	\$506 411	\$494 823	\$4 055 865
13	SubTotal Salary		\$850 011	\$782 251	\$918 195	\$1 052 506	\$1 144 844	\$1 610 818	\$1 264 491	\$1 486 517	\$1 417 520	\$1 580 261	\$1 867 474	\$1 873 318	\$15 848 226
14	Software	Website Hosting	\$479	\$1 695	\$1 462	\$1 079	\$1 729	\$2 180	\$1 588	\$2 065	\$2 013	\$2 138	\$1 830	\$2 113	\$20 371
15	Software	CRM system	\$598	\$2 474	\$2 957	\$2 705	\$2 819	\$2 966	\$2 975	\$3 264	\$2 424	\$3 181	\$3 518	\$4 084	\$33 905
16	Software	Purchases Old System	\$4 087	\$11 508	\$12 872	\$11 809	\$12 789	\$18 153	\$16 846	\$13 497	\$15 988	\$18 920	\$17 426	\$20 043	\$170 938
17	Software	Purchases New System	\$421	\$5 723	\$7 301	\$6 335	\$5 208	\$6 825	\$4 017	\$5 384	\$6 277	\$5 337	\$6 300	\$7 641	\$68 863
18	SubTotal Clothing		\$6 589	\$21 652	\$27 004	\$34 787	\$25 773	\$31 091	\$30 244	\$28 277	\$30 727	\$32 159	\$31 419	\$38 019	\$313 741
19	Grand Total		\$871 119	\$854 350	\$999 795	\$1 131 721	\$1 226 351	\$1 713 410	\$1 354 817	\$1 577 564	\$1 507 678	\$1 674 817	\$1 975 436	\$1 978 396	\$16 869 574

Сурет-3. «Адамға ыңғайлы» форматындағы деректер (Excel)[2]

Category	Subcategory	Jan, 2017	Feb, 2017	Mar, 2017	Apr, 2017	May, 2017	Jun, 2017	Jul, 2017	Aug, 2017	Sep, 2017	Oct, 2017	Nov, 2017	Dec, 2017
Advertising	SMM	\$1 131	\$2 635	\$4 134	\$2 179	\$2 637	\$3 279	\$2 218	\$3 287	\$3 885	\$2 484	\$5 441	\$3 551
Advertising	SEO	\$666	\$3 695	\$2 868	\$4 862	\$3 439	\$4 612	\$2 774	\$3 003	\$2 401	\$4 413	\$3 881	\$2 143
Category	Subcategory	Month	OPEX										
Advertising	SMM	Jan, 2017	\$1 131										
Advertising	SMM	Feb, 2017	\$2 635										
Advertising	SMM	Mar, 2017	\$4 134										
Advertising	SMM	Apr, 2017	\$2 179										
Advertising	SMM	May, 2017	\$2 637										
Advertising	SMM	Jun, 2017	\$3 279										
Advertising	SMM	Jul, 2017	\$2 218										
Advertising	SMM	Aug, 2017	\$3 287										
Advertising	SMM	Sep, 2017	\$3 885										
Advertising	SMM	Oct, 2017	\$2 484										
Advertising	SMM	Nov, 2017	\$5 441										
Advertising	SMM	Dec, 2017	\$3 551										
Advertising	SEO	Jan, 2017	\$666										
Advertising	SEO	Feb, 2017	\$3 695										
Advertising	SEO	Mar, 2017	\$2 868										
Advertising	SEO	Apr, 2017	\$4 862										
Advertising	SEO	May, 2017	\$3 439										
Advertising	SEO	Jun, 2017	\$4 612										
Advertising	SEO	Jul, 2017	\$2 774										
Advertising	SEO	Aug, 2017	\$3 003										
Advertising	SEO	Sep, 2017	\$2 401										
Advertising	SFO	Oct, 2017	\$4 413										

Сурет-4. «Машинаға ыңғайлы» форматына ауыстыру (Excel)

Сурет-3 тен сурет-4 ке ауыстыру үшін Excel-де 1 минуттай уақыт кетті. Және бұл, бүкіл дерек ішіндегі 2 жол ғана. Қалған 11 жолды да «машинаға ыңғайлы» форматына ауыстыру үшін тағыда уақыт кетеді. Яғни, біз деректерді жеңіл өңдей алу үшін көп уақытымызды алатынымыз көрінеді. Осы жерде сұрақ пайда болады. «Машинаға ыңғайлы» форматына өзгертпей, «адамға ыңғайлы» форматымен одан әрі жұмыс істей берсек не болады? Көп деректермен жұмыс жасай алу үшін, уақытты аз құртып, бірақ,

сапалы өңделген дерек алу үшін «машинаға ыңғайлы» форматқа келтіру тура келеді.

Column1	Column2	Column3	Column4	Column5	Column6
1	Данные по операционным расходам за 2017...	null	null	null	null
2	Category	Subcategory	Jan, 2017	Feb, 2017	Mar, 2017
3	Advertising	SMM	1131	2635	4134
4	Advertising	SEO	666	3695	2868
5	Advertising	Google Ads	1892	4727	3656
6	Advertising	TV	5317	16221	16752
7	Advertising	POSМ	809	2684	2917
8	Advertising	Radio	3554	18758	20905
9	SubTotal Advertising	null	14499	52447	54596
10	Salary	Sales Department	370105	326786	384811
11	Salary	Production Department	346295	289524	355097
12	Salary	Operations Department	133631	165941	178287
13	SubTotal Salary	null	850031	782251	918195
14	Software	Website Hosting	479	1695	1462
15	Software	CRM system	598	2474	2957
16	Software	Purchases Old System	4087	11508	12872
17	Software	Purchases New System	421	5723	7301
18	SubTotal Clothing	null	6589	23652	27004
19	Grand Total	null	871119	858350	999795

Сурет-5. Power Query- ге «адамға ыңғайлы» форматымен енгізген кезде

Бұл жолы Power Query-ді қолданған уақытта 3 қана қадам қолданылады. Және осы қадамның өзі 1 минутты ғана алып, бүкіл деректерді өзгертіп жібереді. Яғни, сіз банағы Excel-дегідей 1 минутыңызды тек 2 бағанға құртпай, бірден бірнеше бағанды қамти аласыз.

Қорытындылай келе, Power Query деректерді өңдеу барысындағы маңызы зор деп санаймын және Microsoft компаниясының оны Excel қосымшасына кірістіріп қоюының өзі, сол қосымшаны қолдану үшін. Яғни, Excel қосымшасын қолданатын қызметкерлер ол қосымшада деректерді өзгерту, жою, өңдеу барысында уақытын зая кетіrmес үшін, осы Power Query қосымшасын қолдану арқылы қаншама уақытты үнемдей алады. Power Query қосымшасын тіпті формуладан хабарсыз адамдарда жұмыс істей алады. Тек ондағы функциялар не үшін екенін түсінсе болғаны, бір сағат алатын жұмыс бірнеше минутқа қысқарар еді.

№	Category	Subcategory	Month	ОПЕХ
1	Advertising	SMM	01.01.2017	1131
2	Advertising	SMM	01.02.2017	2635
3	Advertising	SMM	01.03.2017	4134
4	Advertising	SMM	01.04.2017	2179
5	Advertising	SMM	01.05.2017	2637
6	Advertising	SMM	01.06.2017	3279
7	Advertising	SMM	01.07.2017	2218
8	Advertising	SMM	01.08.2017	3287
9	Advertising	SMM	01.09.2017	3885
10	Advertising	SMM	01.10.2017	2484
11	Advertising	SMM	01.11.2017	5441
12	Advertising	SMM	01.12.2017	3551
13	Advertising	SEO	01.01.2017	666
14	Advertising	SEO	01.02.2017	3695
15	Advertising	SEO	01.03.2017	2868
16	Advertising	SEO	01.04.2017	4862
17	Advertising	SEO	01.05.2017	3439
18	Advertising	SEO	01.06.2017	4612
19	Advertising	SEO	01.07.2017	2774
20	Advertising	SEO	01.08.2017	3003
21	Advertising	SEO	01.09.2017	2401
22	Advertising	SEO	01.10.2017	4413
23	Advertising	SEO	01.11.2017	3881
24	Advertising	SEO	01.12.2017	2143

Сурет-6. «Машинаға ыңайлы» форматына ауыстыру (Power Query)

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қысқаша шолу | Microsoft құжаттамасы: https://317704.selcdn.ru/at.1787341/97f3b0c9-425a-4224-8915-703c04393e55?temp_url_sig=ceac494841e0d6f4a5ec4fa5eeb69edc2c8cd531&temp_url_expires=1670436415
2. <https://databoom.kz/>
3. Сілтеме: <https://learn.microsoft.com/ru-ru/power-query/power-query-what-is-power-query>
4. Сілтеме: <https://www.planetaexcel.ru/techniques/24/5854/>
5. Сілтеме: <https://habr.com/ru/post/271019/>

*Оразбахов А.Қ., Дайырбек Н.М., магистранттар
Тілеубай С.Ш., қауымдастырылған профессор
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті*

**LEGO MINDSTORMS EV3 EDUCATION ЖИНАҒЫНА
АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША КУРСЫН ӘЗІРЛЕУ**

XXI ғасырдағы адам өмірінің көп бөлігін смартфонмен, компьютермен немесе функционалдығы ұқсас басқа құрылғымен өткізеді, бұл адам мен машина арасындағы байланысты дамытады. Балалар ерте жастан бастап дербес компьютерлерді, сондай-ақ басқа есептеу құрылғыларын пайдалануды үйренеді. Олар Интернеттен қажетті ақпаратты іздейді, ал мұғалімдер үшін сұрақ туындайды: білім алушыларды білім беру процесіне қалай тартуға болады?

Робототехника-білім алушылардың сабақтық және сабақтан тыс іс-әрекеттеріне сәйкес келетін білім берудің жаңа бағыттарының бірі, мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Бұл бағыт барлық жастағы білім алушыларды қамтиды. Бұл ретте "білім беру робототехникасы" бағыты бойынша оқытушылар алғашқы сабақтарда білім алушылардың техникалық бейімділігін анықтай алады. Әрі қарай, ойын жаттығулары, монтеessori ортасы сияқты әртүрлі әдістердің көмегімен баланың техникалық профильде дамуына көмектеседі. Білім беру робототехникасы алғашқы қадамдарда студенттердің техникалық бейімділігін анықтауға және оларды осы бағытта дамытуға ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі дамытуға, стандартты емес шешімдерді, эксперименттерді қажет ететін жағдайларды пысықтауға, ресейлік білім беруді модернизациялау идеясына сәйкес келуге мүмкіндік береді.

Қоғамның әлеуметтік тапсырысы білім алушы қоршаған әлеммен тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен бірге тікелей тәжірибеде де танысуы керек деп болжайды. Егер сіз бастауыш мектепте еңбек, қоршаған әлем және математика сабақтарында білім беру робототехникасын қолдансаңыз, теориялық және практикалық сабақтарды біріктіруге болады. Бұл студенттердің сөйлеу және танымдық процестерін, сондай-ақ эмоционалды сала мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға жоғары әсер етеді. Жұмыстың мақсаты-білім беру робототехникасын оқытудың заманауи әдістемелеріне талдау жасау. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет: робототехниканы оқыту әдістемесіне шолу жасау; салыстыру критерийлерін таңдау және негіздеу; әдістемелерді салыстыру.

Білім беру робототехникасы бағыты бойынша балалармен жұмыс істеудің негізгі тәсілдері: бәсекеге қабілетті робототехника; STEM-робототехника.

Бәсекеге қабілетті робототехника-студенттердің жарыстарға қатысу үшін конструкциялар мен бағдарламаларды дайындауы. STEM робототехникасы STEM біліміне сүйенеді. STEM-білім беру-жаңа технологияларды әзірлеу үшін ғылымдарды интеграциялау, "Инженерия"бағыты бойынша жаңа мамандар даярлау.

Қазіргі уақытта жұмыс бағдарламаларын құрудың негізгі әдістемесі Филипповтың әдістемесі болып табылады. Бұл бағдарламада инженерлік кадрларды даярлауға ерекше назар аударылады. Дегенмен, ол Lego MINDSTORMS NXT 2.0, сондай-ақ gobolab ортасында бағдарламалауға негізделген. Бағдарламаны Lego EV3 конструкторында жүзеге асыруға болатындығы маңызды, бірақ содан кейін gobolab ортасында бағдарламалауды үйрену қажет емес, өйткені бұл орта Lego EV3-ке сәйкес келмейді.

Д. г. Копосов робототехниканы заманауи ғылым, робототехника туралы түсінік беру мүмкіндігі ретінде қарастырады. Оның бағдарламасының негізінде STEM-робототехника, жобаны құрудың шығармашылық үдерісінен өтуге қабілетті кадрларды даярлау жатыр.

"Роботтар лигасы", сонымен қатар авторлар Н. Пак пен П.Баскирдің белгілі әдісі. Бұл әдіс сабақты екі бөлікке бөлуді, осы сабаққа қажетті материалды зерттеуді және оны сынақтан өткізуді ұсынады. Бір курс 12 сабаққа созылады, ал аптасына бір рет сабақтар 3 айға созылады, Lego WeDo және LEGO MINDSTORMS EV3 негізінде оқыту.

Бұл кезең кез-келген бағдарламалық жасақтаманы, соның ішінде мобильді қосымшаны әзірлеу кезінде негізгілердің бірі болып табылады. Осы кезеңде Тапсырыс беруші қосымшаны не үшін пайдалануды жоспарлап отырғанын, аудиториямен мобильді байланыс құралын әзірлеудің соңғы мақсаты қандай екенін шешуі керек.

Бұл жұмыстағы зерттеу объектісі мобильді қосымшалар саласы болып табылады. Зерттеу пәні Мобильді қосымшаларды әзірлеу, тестілеу және пайдалануға беру кезеңдері болып табылады. Жұмыстың мақсаты мобильді қосымшаларды әзірлеу,

тестілеу және пайдалануға беру кезеңдеріне талдау жүргізу болып табылады.

Бұл мақсат жұмыстың келесі негізгі міндеттерін анықтады:

- мобильді қосымшаны әзірлеу кезеңдерін қарастыру;
- мобильді қосымшаны тестілеу кезеңдерін қарастырыңыз;
- мобильді қосымшаны пайдалануға беру кезеңдерін қарастыру.

Зерттеу барысында келесі зерттеу әдістері қолданылды: жүйелік, құрылымдық, салыстырмалы талдаулар, ақпаратты статистикалық өңдеу әдістері. Әдістерді қолдану қорытындылардың дұрыстығы мен дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қосымшаны прототиптеу қажет. Прототип-бұл болашақ қосымшаның орналасуы. Прототип статикалық немесе интерактивті болуы мүмкін – әрекет түймелері мен ауысулары бар. Көбінесе прототиптеу процесінің арқасында қосымшаның белгілі бір функцияларының қажеттілігін, белгілі бір элементтердің орналасуының ыңғайлылығын анықтауға болады. Осы кезеңде әзірлеуші мен Тапсырыс берушіге ортақ тіл табу және жобалауға арналған техникалық тапсырманы білдіретін құжаттық түрде ресімделген болашақ қосымшаға қойылатын талаптарды анықтау маңызды. ТК-да тапсырыс берушіден мүмкіндігінше көп ақпарат, мүмкіндігінше түс гаммасы мен элементтердің пішінін көрсете отырып көрсетілуі мүмкін.

ТТ мазмұны:

- жүйенің толық атауы және оның шартты белгісі;
- тақырып шифры немесе шарт шифры (нөмірі);
- жүйені әзірлеуші және Тапсырыс беруші (пайдаланушы) кәсіпорындарының (бірлестіктерінің) атауы және олардың деректемелері;

- осы құжаттар кіммен және қашан бекітілгені туралы жүйе құрылатын құжаттар тізімі;

– жүйені құру бойынша жұмыстың басталуы мен аяқталуының жоспарлы мерзімдері; - жұмыстарды қаржыландыру көздері мен тәртібі туралы мәліметтер.

Тапсырыс берушіге жүйені (оның бөліктерін) құру, жүйенің жекелеген құралдарын (техникалық, бағдарламалық, ақпараттық) және бағдарламалық-техникалық (бағдарламалық-әдістемелік)

кешендерін дайындау және баптау жөніндегі жұмыстардың нәтижелерін ресімдеу және ұсыну тәртібі.

Кодтан үзінді:

```
<!DOCTYPE html>
<html lang="en">
<head>
  <meta charset="utf-8">
  <meta content="width=device-width, initial-scale=1.0"
name="viewport">
  <title>Lego Mindstorms</title>
</head>
<body>
  <header id="header" class="fixed-top ">
    <div class="container d-flex align-items-center">
      <h1 class="logo me-auto"><a
href="https://qsip.kz/LEGOMINDSTORMS/index.html">Lego
Mindstorms</a></h1>
    </div>
  </header>
  <section id="hero" class="d-flex align-items-center">
    <div class="container">
      <div class="row">
        <div class="col-lg-6 d-flex flex-column justify-content-center pt-
4 pt-lg-0 order-2 order-lg-1" data-aos="fade-up" data-aos-delay="200">
          <h1>Lego Mindstorms EV3 EDUCATION </h1>
```


Қосымшаны жобалауға техникалық тапсырманы дұрыс жасау қажет, өйткені осы құжат негізінде болашақта мобильді қосымшаны жобалау және оны тапсырыс беруші пайдалануға қабылдау жүзеге асырылады. Әзірлеуші мен Тапсырыс беруші келісілген әзірлеу шешіміне келгеннен кейін, әзірлеуші мобильді қосымшаны жобалауға кірісе алады.

Осы мобильді қосымша жасау кезінде web view веб бетті көрсету құралы арқылы қайындадық. Егер сіз веб-мазмұнды веб-парақ немесе онлайн форма сияқты бағдарламада көрсеткіңіз келсе, оны орындау үшін WebView қолдана аласыз. Веб-мазмұнды қайта пайдалану: егер сізде қолданбада қайта пайдаланғыңыз келетін веб-мазмұн болса, WebView пайдалану уақыт пен күш-жігерді үнемдей алады. Кросс-платформаның үйлесімділігі: Webview пайдалану сіздің қосымшаңызды кросс-платформамен

үйлесімді ете алады, өйткені ол веб-мазмұнды iOS және Android құрылғыларында көрсетуге мүмкіндік береді.


Бұл мобильді қосымша PlayMarket жүктелген және әрбір адам жүктеп алу мүмкіндігі бар.

Сілтеме: https://play.google.com/store/apps/details?id=com.wLegoMindstorms_15584178&pli=1 (2-сурет).



Пароль мен логин дұрыс енгізілген кезде мәзір терезесі ашылады. Мәзір терезесі 2 суретте көрсетілген.


Мәзір терезесінде автотұрақ туралы ақпараттар, яғни автотұрақ мекен – жайы, байланыс телефоны, логотип пен баннер, серіктестер туралы ақпарат орналасқан. Мәзір терезесінде кесте орналасқан терезелерге өту үшін меню жолы орналасқан. Меню жолында үш батырма: автокөлік, клиенттер, бронь батырмалары орналасқан.



1 сурет. Авторизация терезесі




2 сурет. Мәзір терезесі



3 сурет. Автокөлік тізімі

Меню жолындағы автокөлік батырмасын басу арқылы автокөлік тізімі берілген жаңа терезе ашылады. Автокөлік тізімі терезесі 4 суретте көрсетілген.

Кестедегі мәліметтерді жылдам табу үшін іздеу операциясы қолданылады. Іздеу textbox және button элементтері көмегімен іске асады.



4 сурет Іздеу нәтижесі

Кестедегі мәліметтерді іздеу автокөлік тізіміндегі автокөлік маркасы бойынша жүреді. Кестедегі мәліметтерді қайта қайтару үшін толық тізім батырмасы орналасқан. Іздеу нәтижесі 5 суретте көрсетілген.

	A	B	C	D	E	F
1	Автокөлік коды	Маркасы	Бағасы	Жалға беру бағасы	Саны	Қолданыста
2	11	Jaguar	8000000	36000	3	1
3	12	Hyundai	6000000	32000	13	0
4	13	Volkswagen	5000000	30000	4	0
5	14	Tayota	7000000	34000	8	2
6	15	Ford	9000000	40000	10	1
7	1	Audi	1700000	17000	4	0
8	2	BMW	1800000	19000	7	0
9	3	Ferrari	8000000	36000	5	1
10	4	Lamborghini	14000000	58000	7	2
11	5	Mercedes	1600000	16000	9	0
12	6	Aston Martin	9000000	40000	4	1
13	7	Bentley	10000000	42000	3	0
14	8	Bugatti	12000000	54000	7	1
15	9	Chevrolet	11000000	45000	10	0
16	10	Land Rover	9000000	40000	12	1
17						
18						

5 сурет. Мәліметтер қорын экспорттау


Автокөлік терезесінде батырмалардың бірі сұрыптау батырмасы. Сұрыптау батырмасы автокөлік кестесіндегі автокөлік саны мен бағасы бойынша сұрыптау жасайды. Кестедегі мәліметтерді отчет батырмасының көмегімен excel – ге экспорт жасайды. Экспорт нәтижесі бойынша кестедегі мәліметтердің барлығы excel бағдарламасына көшіріледі. Экспорт нәтижесі 7 суретте көрсетілген.

Бас мәзірдегі автокөлік батырмасын басу арқылы автокөлік суреті орналасқан терезе ашылады. Терезеде автотұрақта жалға берілетін автокөліктердің аты жазылған батырмалар орналасқан. Батырмаларды басқанда батырмаға сай автокөлік аты жазылған көлік суреті терезеге шығарылады. Автокөліктер орналасқан терезе 6 суретте көрсетілген.




6 сурет. Автокөліктер орналасқан терезе

Автотұрақта жалға берілетін 15 автокөлік түрі берілген. Батырма атын таңдау арқылы экранға автокөлік суреті шығады. Автотұрақ автокөліктері тізімі: Audi, BMW, Ferrari, Lamborghini, Mercedes, Aston martin, Bentley, Bugatti, Chevrolet, Land Rover, Jaguar, Hyundai, Volksvagen, Tayota, Ford. Aston Martin және Chevrolet автокөліктері таңдалғанда көрсетілген терезе 7 және 8 суреттерде берілген.



7 сурет. Aston Martin автокөлігі көрсетілген терезе



8 сурет. Chevrolet автокөлігі көрсетілген терезе

Ережеп М.Т., студент, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Қанат Р.Д., ученик, НИИШ ХБН г. Караганды, 9А класс

Копбалина С.С., ст. преподаватель, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Адекенова А.Н., учитель информатики, НИИШ ХБН г. Караганды

«C++ ТІЛІН МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖҮЙЕ» МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Қазіргі таңда ұялы телефоны, планшеті, компьютері, смартфонсы немесе басқа портативті мультимедиялық құрылғысы жоқ адамды елестету қиын және мобильді қосымшалар адамдардың күнделікті өмірінде үлкен орын алатындығы анық. Сондықтан мобильді платформалар үшін қосымша әзірлеушілерге үлкен мүмкіндіктер ашылуда. Мобильді құрылғылардың пайда болуымен, интернетке қолжетімділігі бар кез-келген тұтынушы

уақыт пен орынға қарамастан оған қызығушылық тудыратын ақпарат ала алады. Белгілі бір сипаттағы ақпараттарға мұқтаж тұтынушылар саны көбейді.

Ұялы құрылғыларға (телефондар, планшеттер, ақылды сағаттар, теледидарлар және т.б.) арналған операциялық жүйелер нарығы Android және iOS негізгі екі платформасына қалыптастырылған және бағытталған. Жылдан жылға осы құрылғыларға арналған әртүрлі қосымшалар жасап шығарылуда. Осы қосымшаларды дайындау үшін көптеген кірістірілген құрал-саймандармен жабдықталған әр түрлі орталар бар (Visual Studio, Unity, Android Studio, GameMaker).

Жобаның мақсаты – «C++ тілін меңгеруге арналған анықтамалық жүйе» мобильдік қосымшасын құру болып табылады.

Мобильдік қосымшалардың мүмкіндіктері күннен күнге артып келеді. Осыған байланысты, зерттеліп отырған жұмыс қазіргі уақытта маңызды деп ойлаймыз. Қойылған мақсатқа жету үшін мобильді қосымшаларды ұйымдастыру жолдары қарастырырылып, Android Studio платформасында C++ тілін меңгеруге арналған анықтамалық жүйе қосымшасын құру жүзеге асырылды. Қазіргі таңда бұл тіл ең өзекті тілдердің бірі болып саналады. Тілді мектеп курсынан бастап, жоғары оқу орындарында да оқытады. Сондықтан құрылған анықтамалық қосымша жоғары оқу орындарының IT бағытындағы білім беру бағдарламаларының студенттеріне, мектеп оқушыларына, сондай-ақ C++ тілін өздігімен үйренемін деушілерге қызықты болады.

Программалық жасақтаманы әзірлеу үшін келесі құралдар таңдалды:

- бағдарламалау тілі – Java;
- жасақтау құралы – AndroidStudioIDE;
- Android эмуляторы – GenyMotion.

Мобильді қосымшаларды әзірлеу үшін көрсетілген аспаптық құралдарды таңдау олардың ең танымал болуына негізделген.

Қосымшада C++ тілінің синтаксисі, негізгі деректер типтері, программалау құрылымдары, операторлар, жиымдар, кітапханалық функциялармен жұмыс жасау қарастырылған. Сондай-ақ әртүрлі есептердің шығару жолдары келтірілген.

Жұмыстың нәтижесі төмендегі суреттерде көрсетілген. Қосымша іске қосылғаннан кейін экранда басты бет ашылады.



Сурет 1. Қосымшаның бірінші беті

Келесі терезе C++ тілін меңгерудегі негізгі тақырыптар қамтылған анықтамалық теориядан тұрады. Әрбір тақырып соңында тақырыпқа сай мысалдар келтірілген. Мысалдардың шығару жолдары программа кодымен сипатталған. Жалпы қосымша 12 тақырыптан тұрады.

Жоба нәтижесінде Android операциялық жүйесіндегі ұялы телефондарға арналған мобильдік қосымша жасалынды. Мобильді қосымшаны әзірлеу тақырыбы программалауда тәжірибесі аз немесе мүлдем жоқ оқушыларға, студенттерге арналған C++ тілі бойынша қалта анықтамалығын жасау болды. Қосымша пайдаланушыларға оқу процесінде маңызды аспектілерге назар аударуға, кез-келген ыңғайлы уақытта анықтамалық материалды еркін пайдалануға, программа кодтарының мысалдарын қолдана отырып, әр тарау бойынша өз білімдерін жетілдіруге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Эд Бурнет. Разработка мобильных приложений. - СПб.: Питер, 2012. - 256 с.
- 2 П.Дейтел, Х.Дейтел, М.Моргано. Adroid для программистов: создаем приложения. – СПб.: Питер, 2013. – 560 с.:ил.
- 3 Архитектура Android. – [URL:https://habr.com/ru/post/16770/](https://habr.com/ru/post/16770/)
- 4 Сайт разработки в AndroidStudio. – URL: <https://developer.android.com>

Есенғалиев А.М., студент

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Бигалиева А.З., аға оқытушы, PhD

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

ЫМДАУ ТІЛІН ANDROID ЖӘНЕ IOS ПЛАТФОРМАЛАРЫНДАҒЫ БЕЙІМДЕЛУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Кіріспе. Көру мен есту әлемді қабылдаудың негізгі факторлары болып саналады. Олардың көмегімен біз айналамыздағы әлем туралы ақпарат пен көріністің үлкен бөлігін қабылдаймыз. Яғни, көру мен есту арқылы адамдар арасындағы байланыс жүзеге асады, адам қоғамға қосылады [1].

Есту қабілеті нашар және мүлде естімейтін адамдармен сөйлесу, кез келген адамда кездесе бермейді. Біздің планетамыздың тұрғындары мұндай сөйлеу немесе үнсіз ымдау тілі неге негізделгенінен хабарсыз. Саңыраулар дыбыстар әлемін қабылдаудан айырылады, бірақ олар әдетте жерді, планетамыздың басқа тұрғындарын, олардың бет әлпетін, әңгіме кезінде ерін қимылдарын көреді, оны түсінуге мүмкіндігі жоқ.

Ым тілі - бұл бөтен жерде, елде адаммен сөйлесу үшін күнделікті өмірде қолданатын ым-ишара нұсқалары емес. Бұл «үнсіз» тіл адамдардың үнсіз сөйлей алуы үшін ойлап табылған [2].

Негізгі бөлім. Статистикаға сәйкес, бүгінде әлемде есту қабілеті бұзылған 466 миллион адамдар бар - біз оларды саңырау және нашар еститін адамдар деп атаймыз.[3]

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше,

Қазақстанда 80 мыңға жуық нашар еститін және есту қабілеті бұзылған адамдар бар.[4]

Дегенмен, дәрігерлердің саңырау және мылқауларды емдеуі қиын күйінде қалып отыр. Күнделікті өмірде бұл адамдар қарым-қатынаста жазуды пайдаланады. Әртүрлі жағдайларда сурдоаудармашылар саңырау және мылқау адамдарға көмектесе алады. Ғылыми-техниканың қарқынды дамуы кезінде, планетамыздың саңырау және мылқау тұрғындарының қарым-қатынасына әртүрлі ақпараттық құралдарды қосу мүмкін болды. Мысал ретінде ортақ мобильді құрылғылар платформасында бағдарламалық қосымшаны әзірлеуді қарастырайық - Android және IOS.

Бұл жұмыс үшін мәліметтер жиынтығын (dataset) өздеріміз веб камераның көмегімен жасадық. Барлық суреттер веб камераның көмегімен аздаған жарықтандыру мен қашықтығын өзгерту арқылы алынды. Дайын қосымшаларда адам ымдау тілін орындау барысында әр түрлі қашықтықта тұрып, веб камераның көмегімен тануын іске асырамыз. Деректерді ұлғайту қамтамасыз етілді, және де нейрожүйені оқыту (жаттықтыру) кезінде кеңінен қолданылады.

Енгізетін шектеулі деректер жиынтығын масштабтау, айналдыру арқылы көбірек вариациялар, төңкеру, ауысуға мүмкіндік бар. Әрбір қимылдың қашықтықты түсіруде және жарықтандыруда вариациялары бар.

Оқыту (жаттықтыру) үшін 16 сурет қимылдары жиналды. Кескін өлшемі 1280 × 960 пиксель.

Осылайша, кіріс деректері кездейсоқ түрде араластырылды. Тексеру жиынтығы веб камераның көмегімен нақты уақыт режимде алынды. Labelimg құралы графикалық таңбалау үшін суреттерге қолданылады. Барлық зерттеулер Intel Core i5 процессоры бар компьютер, жедел жады 16 ГБ және графикалық карта NVIDIA GeForce GTX 1660 Super жүргізілді.


SSD MobileNetV2 FPN Lite моделінің жылдамдығы 39 мс.

Бағдарлама жұмысының мысалдары және "А", "D", "Т", "L" қимылдарын тану дәлдігі және ым тіліндегі ADIL сөзі 1-суретте көрсетілген.

Бұл модельдің артықшылығы-тіпті терең оқыту желісін пайдалану кезінде ол

ұялы телефондарда жұмыс істеу үшін пайдалануға болады және де смартфон камерасын пайдалану арқылы есту қабілеті бұзылған және саңырау, мылқау арасындағы байланыстың ыңғайлылығы мен сапасын жақсартуға себтігін тигізеді деген ойдамыз.

Қазақ тіліндегі дактилді зерттеуге арналған мобильді қосымша еститін және саңырау адамдардың қарым-қатынасын, сондай-ақ есту қабілеті бұзылған адамдардың тұлғааралық қарым-қатынасын қолдауға бағытталған. Бүгінгі күні бағдарламашылардың негізгі идеясына сүйене отырып, қосымша жасалды, келесі ережелерді қамтыды: алфавиттік ереже (орыс және қазақ әріптерін дактилдік аналогпен салыстыру), жалпы қабылданған ым-ишара, қимыл топтары.



1-суретте нақты уақыт режимдегі қимылдарды тану бағдарламасының мысалдары

Ақпараттық блоктарға бөлінген интуитивті интерфейсі бар қосымшаны, кез-келген пайдаланушыға қолдануға және қызықтыратын ақпаратты табуға мүмкіндік береді. Қосымшада ұсынылған мазмұн жақсы сапада сызылған, шын мәнінде ол ақпаратты оңай меңгеруге және түсінуге мүмкіндік береді. Сол сияқты қосымша PlayMarket ресми виртуалды дүкенінде және App Store дүкендерінде тегін қолжетімді болады. Бұл бағдарламалық жасақтамамен кез келген қызығушылық танытқан адам таныса алады. Бағдарламалық қамтамасыз ету қазақ, орыс тілінде әзірленген және қазақтілді, орыстілді аудиторияға бағытталған.

Мобильді қосымшаның көмегімен есту қабілеті бұзылған адамдарға көмек көрсету. Мобильді қосымша есту қабілеті нашар адамдарға қарым-қатынаста қолдау көрсетуге бағытталады, бұл зерттеудің бастапқы кезеңінде жақсы және қажетті өнім.

Нәтижелер.

Осыдан шығатын нәтижені алатын болсақ, осы жұмыстың басында қойылған міндеттерді орындап, ымдау тілін мәтінге айналдыратын мобильді қосымша жасалынды. Бұның бір ерекшелігі басқа өз тақырыбына сай қосымшаларға қарағанда қазақтілді аудиторияға бағытталған алғашқы қосымша және оффлайн түрде ешқандай интернеттің көмегінсіз еркін пайдалануға болады. Бұның ішінде қазақ және орыс ымдау тіліндегі алфавит және осы тілдерге арналған датасет қосымшасы кіріктірілді.

Қорытынды.

Бұл проект бірқатар салалардағы технологиялық прогреске ықпал етеді және компьютерлердің айналасында айналатын қоғамды толықтырады деп үміттенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.scimagojr.com/>
2. <https://www.scopus.com/search/form.uri?display=basic&zone=header&origin=searchbasic#basic>
3. Povalyaeva M.A., Ruter O.A. Non-verbal communication. / Series "Higher Education". - Rostov n / a: Phoenix, 2004. -- 352 p.
4. <https://www.udemy.com/course/deep-learning-for-object-detection-using-tensorflow-2/learn/lecture/25917276?start=585#overview>

5. Agrawal, S. C., Jalal, A. S., & Bhatnagar, C. (2012). Recognition of Indian sign language using feature fusion. In Proceedings of the 4th international conference on intelligent human computer interaction: advancing technology for humanity, IHCI 2012 . <https://doi.org/10.1109/IHCI.2012.6481841>.
6. Chong, T. W., & Lee, B. G. (2018). American sign language recognition using leap motion controller with machine learning approach. *Sensors (Switzerland)* , (10), 18. <https://doi.org/10.3390/s18103554>.
7. Garcia-Diaz, N., Lopez-Martin, C., & Chavoya, A. (2013). A comparative study of two fuzzy logic models for software development effort estimation. *Procedia Technology*, 7 , 305–314. <https://doi.org/10.1016/j.protcy.2013.04.038>.
8. Hisham, B., & Hamouda, A. (2019). Supervised learning classifiers for Arabic gestures recognition using Kinect V2. *SN Applied Sciences*, 1 (7), 1–21. <https://doi.org/10.1007/s42452-019-0771-2>.

*Жанвик С., студент, КарУ им.Е.А.Букетова
Айтқұл М., ученик, 9В ММЛИ Дарын
Есендаулетова Ж.Т., старший преподаватель, Карагандинский
университет имени академика Е.А. Букетова
Смагулова Н.С., учитель информатики, ММЛИ Дарын*


НОТАРИУС ҚЫЗМЕТІН АВТОМАТТАНДЫРАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ

Нотариус қосымшасы нотариус орталықтары туралы мәліметтерді алу, сұрыптау, іздеу көмегімен керекті нотариус орталықтарын жылдам табумен қатар әр орталық мекен - жайлары туралы ақпарат береді. Нотариус орталығының клиенттері тізімімен қатар ИИН мен телефон номерлері көруге болады.


Қосымшаны іске қосқанда авторизация терезесі ашылады. Авторизация терезесі 1 суретте көрсетілген.

Қолданушы логин және пароль жолдарына сәйкесінше ақпараттарды енгізеді. Ақпарат дұрыс болған жағдайда бас мәзір ашылады. Егер енгізілген ақпарат қате болған жағдайда

мәліметтер базасына кіруге мүмкіндігі болмайды. Жобаның бас мәзір терезесі 2 суретте көрсетілген.



1 сурет. Авторизация терезесі




2 сурет. Бас мәзір терезесі

Мұнда барлық нотариус туралы қысқаша ақпарат жазылған терезелер орналасқан. Ақпарат жазу үшін арнайы label, picture box элементтері қолданылды. Терезелерде нотариус қызметкерлері

аты толығымен, қызмет орнының адресі, пікірлер саны мен клиенттердің нотариустар үшін бағалау көрсеткіші жазылған.


Терезенің жоғарғы жағында клиенттер тізімі және нотариустар тізіміне өтетін батырмалар орналасқан. Клиенттер тізімі батырмасын басу арқылы жаңа терезе ашылады. Бұл терезеде клиенттер тізімі жазылған кесте орналасқан. Клиенттер тізімі терезесі 3 суретте көрсетілген.



3 сурет. Клиенттер тізімі терезесі

Терезе button, label, picture box, binding navigator, data grid view элементтерінен тұрады. Кесте data grid view элементінде орналасқан. Терезенің жоғарғы жағында орналасқан binding navigator элементі кесте элементтерін басқару үшін арналған. Кестені терезеге орналастырғанда binding navigator элементі терезеде автоматты түрде орналасады. Binding navigator элементі арқылы кестеге жаңа мәлімет енгізуге, кесте мәліметін өшіріп, сақтау қызметтерін атқарады.

Кестедегі мәліметтерді жылдам табу үшін іздеу операциясы қолданылады. Іздеу textbox және button элементтері көмгімен іске асады. Кестедегі клиент тегі түрі мен телефоны бойынша іздеу жүреді. Кестедегі мәліметтерді қайта қайтару үшін толық тізім батырмасы орналасқан. Іздеу нәтижесі 4 суретте көрсетілген.



4 сурет. Іздеу нәтижесі

Клиенттер терезесінде батырмалардың бірі сұрыптау батырмасы. Сұрыптау батырмасы клиенттер кестесіндегі клиент аты бойынша сұрыптау жасайды. Кестедегі мәліметтерді отчет батырмасының көмегімен excel – ге экспорт жасайды. Экспорт нәтижесі бойынша кестедегі мәліметтердің барлығы excel бағдарламасына көшіріледі. Экспорт нәтижесі 5 суретте көрсетілген.

Терезенің жоғарғы жағында орналасқан binding navigator элементі кесте элементтерін басқару үшін арналған. Кестені терезеге орналастырғанда binding navigator элементі терезеде автоматты түрде орналасады. Binding navigator элементі арқылы кестеге жаңа мәлімет енгізуге, кесте мәліметін өшіріп, сақтау қызметтерін атқарады.

Мәзір терезесіндегі екінші батырма нотариус тізімі батырмасы. Батырманы басу арқылы нотариус тізімі жазылған жаңа терезе ашылады. Нотариус тізімі терезесі 6 суретте көрсетілген.

Excel interface showing a table with columns: A, B, C, D, E, F. The table contains data for various individuals and their contact information.

	A	B	C	D	E	F
1	Тегі	Аты	ИНН	Телефон	Қызмет түрі	Нотариус коды
2	Ермеков	Арман	9,50231E+11	87002360021	жерді атына аудару	1
3	Нысанбаева	Айжан	8,41216E+11	87475210032	ұйды атына аудару	3
4	Кусенов	Бекзат	9,11203E+11	87472300212	колықты заверит ету	2
5	Оспанова	Динара	9,41223E+11	87475621032	аспорт кошырмесін раста	6
6	Рахимбеков	Жанар	9,3023E+11	87012562012	баланы заверит ету	4
7	Расул	Нургазы	9,2091E+11	87052310256	жерті атына аудару	5
8	Усенбаев	Ерасыл	9,3121E+11	87012659420	колықты атына аудару	3

5 сурет. Экспорт нәтижесі

Notarius тізімі (Notary List) window showing a table of notary information and search filters.

№	ФИО	Мемлекеттік лицензия	Лицензия берілген уақыт	Әкімхана мекен-жайы	Телефон	Жұмыс уақыты
1	Абеева Д.С.	00003292	15.03.2011	Абдырова 9	87015954878	9.00-18.00
2	Абайдуллаева Р.	16009119	05.06.2016	Алашхан 4	87107563218	10.00-18.00
3	Абдраманова...	0001604	05.05.2003	Н.Абдырова 3	87021364892	09.00-18.00
4	Абдраманова Т.Е.	12016111	12.11.2012	Бұлаев Мыра а.	87012698453	10.00-18.00
5	Абленова М.А.	17013661	20.04.2012	Аллаев Ба	87002698453	9.00-20.00
6	Абдышев С.Е.	12012530	02.02.2015	Рыева 10	87475694200	10.00-20.00

Search filters: Издеу: [] ФИО [] Телефон []


Additional info: №: 1, ФИО: Абеева Д.С., Мемлекеттік лицензия: 00003292, Лицензия берілген уақыт: 15 марта 2011 г., Офіс адресі: Абдырова 9, Телефон: 87015954878, Жұмыс уақыты: 9.00-18.00

6 сурет. Нотариус тізімі терезесі

Терезе button, label, picture box, binding navigator, data grid view элементтерінен тұрады. Кесте data grid view элементінде орналасқан. Терезенің жоғарғы жағында орналасқан binding navigator элементі кесте элементтерін басқару үшін арналған. Нотариус тізімі жазылған мәліметтер базасын терезеге орналастырғанда binding navigator элементі терезеде автоматты түрде орналасады. Binding navigator элементі арқылы кестеге жаңа мәлімет енгізуге, кесте мәліметін өшіріп, сақтау қызметтерін атқарады.


Кестедегі мәліметтерді жылдам табу үшін іздеу операциясы қолданылады. Іздеу textbox және button элементтері көмегімен іске

асады. Кестедегі нотариус орталығы қызметкерлерінің ФИО мен телефоны бойынша іздеу жүреді. Кестедегі мәліметтерді қайта қайтару үшін толық тізім батырмасы орналасқан. Іздеу нәтижесі 7 суретте көрсетілген.



7 сурет. ФИО бойынша іздеу нәтижесі

Нотариус тізімі терезесінде батырмалардың бірі сұрыптау батырмасы. Сұрыптау батырмасы нотариус тізімі кестесіндегі нотариус орталықтарының жұмыс жасау уақыты бойынша сұрыптау жүргізді.. Кестедегі мәліметтерді отчет батырмасының көмегімен excel – ге экспорт жасайды. Экспорт нәтижесі бойынша кестедегі мәліметтердің барлығы excel бағдарламасына көшіріледі. Экспортталған мәліметтер қоры 8 суретте көрсетілген.



8 сурет. Экспортталған мәліметтер қоры

*Кабылбек С.Н., студент
Карилхан Н., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

MINE IMATOR 2.0 ПРОГРАММАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН MINECRAFT ОЙЫНЫНЫҢ СТИЛІНДЕ ВИДЕО ЖАСАУ

Mine-Imator - Minecraft анимацияларын жасауға арналған бағдарлама. Ол Minecraft үшін прогрессивті анимация біріктіргіші. Кез келген адам бағдарламаны тегін жүктеп алып, YouTube үшін өз бетінше бейнеклип жасай алады. Мұны істеу үшін Mine-Imator ***.schematic** кеңейтімі бар карта бөліктерін импорттаудан бастап басқару шамдары мен камераларына дейін көптеген нысандарға ие. Көптеген функциялары бар тамаша құрал.

Mine-Imator әр нұсқасымен ол жақсарды және Mine-Imator 2.0 тұрақты нұсқасы шығарылады деп күтілуде. Бұл нұсқада жаңартулар мен толықтырулардың керемет көлемі бар.

Қазіргі уақытта шығарылатын көптеген телешоулар үш өлшемді (3D) графиканы пайдаланады. Бұл авторларға батыл сценарийлік қозғалыстарды жүзеге асыруға көмектеседі, мысалы: қирату, әрекет, төбелес, әртүрлі сиқырлар және т.б. кәдімгі майнкрафттағы мүмкін емес нәрселер.



1-сурет


Mine-Imator қолданбада тегін алуға болатын толық нұсқасы бар. Үлкен Cinema 4D, Maya және т.б. қарағанда, Mine-Imator тек

minecraft стиліндегі графиканы жасау үшін пайдаланылады, сондықтан онымен жұмыс істеу және үйрену оңайырақ. Осылайша, ол барлық топтардың үлгілерін, сондай-ақ ойнатқышты орнатты (ресми форумдағы үшінші тарап үлгілерін пайдалануға ештеңе кедергі жасамайды), .schematic файлдарының импортын қолдайды, қоршаған ортаны көлеңкелеу технологиясын (SSAO) пайдаланады және жедел жады арқылы көрсетеді (бұл ескі бағдарламаларда процессор есебінен көрсетуден бірнеше есе жылдамырақ) .mp4/.mov ішінде.

Анимация аяқ-қолдардың айналу параметрлерін өзгерту арқылы орындалады (мұны суреттен көруге болады). Жалпы алғанда, Mine-Imator толығымен теңшелетін, пайдаланушыға ыңғайлы интерфейске ие.

Жұмыс басы сценарий мен сюжетті жазудан басталады. Содан кейін ғана 3D кейіпкерлердің эскиздерін салу, фон орнату және нақты анимация процессіне дайындалу.


Объектілер мен кейіпкерлері бар суретіміз қозғала бастағанға дейін, дәл осы 3D нысандарын жасап шығу керек. Сфера, конус, квадрат және цилиндр кескіндері (2-сурет) арқылы қиялымыздағы нысандарды жасай аламыз, мысалы біз оларды бағдарламаның мәзірі арқылы түрлі түске бояй аламыз.



2-сурет. Түрлі формаларды құру

Төмендегі құралдар мәзірінің көмегімен түстерді жұмыс барысында өзгертіп, көруге болады. Оның графикалық түрінде де өзгертуге болады, мысал ретінде жарқырауын, көлеңкесін, ізін,

сыртқы тексуралық қабатын және т.б. Бұл құралдармен кейіпкерлердің және сызылған объектілердің ұзындығын, биіктігін және де орналасу орнын өзгерте аламыз (3-сурет).




3- сурет. Сызылған объектілердің объектілердің ұзындығын, биіктігін орналасу орнын өзгерте мазірлері

3D нысандары дайын болғанда, олар сәйкес көріністерге орналастырылады және бағдарламаның көмегімен қозғалысқа келтіріледі. Мұнда классикалық анимациядағыдай, алдымен негізгі кадрлар жасалады, сондықтан бастапқы кезінде анимация жартылай ғана болып көрінеді. Жарықтандыру, камера жұмысы(бұрышты таңдау, кадрлар тереңдігі), эффектiлер және басқа мәліметтер біз экранда көретін анимация соңғы нұсқа түрін көргеннен кейін ғана қосылады (4-сурет).

Mine-Imator бағдарламасының басқа бағдармалардан артықшылықтары:

- Үйрену оңай
- Достық интерфейс
- Жоғары көрсету жылдамдығы
- Бастау үшін бәрі бар
- Өнімділік



4-сурет. Дайын объектілердің бірі

Минустары:

- Көпбұрыштардың болмауына байланысты бұрғылау қондырғысын егжей-тегжейлі теңшеу үшін тым икемді емес
- Майнкрафт стилінде емес нәрсені жүзеге асыру қиын
- Сізде анимация жүйесін меңгеруде қиындықтар туындауы мүмкін (егер сіз скелеттік анимацияға үйренген болсаңыз)
- Mine-Imator қозғалтқышымен (Gammaker) байланысты графикалық қателер бар және одан жоғары нұсқаларында секундына кадрлардың қатты азаюы бар

Анимацияны құрудың соңғы кезеңі рендеринг болып табылады. Процесс анимацияны аяқтауды және толық кескінді алуды қамтиды. Бұл кезең егжей-тегжейге мұқият назар аударуды талап етеді, түпкілікті нәтиже осыған байланысты. Осы кезең анимация жасаудың негізгі процессін аяқтайды, содан кейін аниматорлар арнайы эффектілерді, музыканы, дауыстық және дыбыстық әсерлерді қосып, оларды бүкіл анимациямен синхрондағанда постпродакшмен аяқтайды.

Басқада жұмыстарымды көргілеріңіз келсе келесі сілтеме бойынша YouTube каналыма өтіп қарап шығуларыңызға болады.

<https://youtube.com/@adatay386>

*Киншинбаев А.К., Жаксыгельдин Е.А., студенттері
Ергалиева Г.С., аға оқытушы
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ

Кіріспе. C# тіліндегі Visual Studio Windows бағдарламалары үшін ең қуатты және танымал біріктірілген әзірлеу ортасының бірі болып табылады. Оның ауқымды мүмкіндіктері бар, оның ішінде бағдарламаларды жасауға арналған бай құралдар жиынтығы мен ыңғайлы интерфейс бар. Бұдан басқа, C# бағдарламалау тілі объектіге бағдарланған тәсілді қолдайтын жоғары сапалы бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау үшін қуатты құрал болып табылады. Барлық осы факторлар маған Visual Studio-да C# тілінде жоғары кәсіби және сапалық дәрежеде электронды оқулықты іске асыруға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулық - бұл электрондық оқу материалдарын жасауға, өңдеуге, сақтауға және көруге мүмкіндік беретін бағдарламалық жасақтама. Оны мұғалімдер мен студенттер оқу процесін жақсарту және білім беру ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін қолдана алады.

Өзектілік. Бағдарламаның негізгі функционалдығы жаңа оқу материалдарын жасау және бұрыннан барларын редакциялау, сондай-ақ осы материалдарды DOCX және басқалары сияқты әртүрлі форматтарда сақтау мүмкіндігін қамтиды. Қолданба сонымен қатар кескіндерді, аудио және бейне файлдарды, сондай-ақ тесттер, тапсырмалар және жаттығулар сияқты интерактивті элементтерді қосуға мүмкіндік береді.

Бағдарлама Интернет немесе жергілікті желі арқылы электрондық оқулықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ете алады. Бұл үшін мұғалімдер мен студенттерге олардың рөлдері мен құқықтарына сәйкес материалдарға кіруге және қол жеткізуге мүмкіндік беретін аутентификация модулі қарастырылуы мүмкін.

Электрондық оқулық барлық әрекеттер MySQL дерекқорымен синхрондалатын шағын тіркеу және авторизация қолданбасы ретінде іске асырылады.

Жобаны іске асыру үшін талап етілетін бағдарламалар:

- MySQL Connector;
- Visual Studio;
- Жергілікті сервер (MAMP);

Сондай-ақ, C# электронды оқулығы мұғалімдерге пайдалы болуы мүмкін. Бұл оларға оқу процесін жақсырақ ұйымдастыруға, оқу материалдарын орталықтандырылған дерекқорда сақтауға

және студенттердің белсенділігін бақылауға көмектеседі. Бұл мұғалімдерге өз жұмысын оңтайландыруға, оқу сапасын жақсартуға және оқушылардың нәтижелерін жақсартуға көмектеседі.

С# электронды оқулығын жоғары білім, қашықтықтан оқыту және корпоративтік оқыту сияқты әртүрлі салаларда пайдаланудың көптеген мүмкіндіктері бар. Бұл бағдарламалау, бағдарламалық жасақтама, мәліметтер базасы және басқалары сияқты әртүрлі салалардағы студенттер мен кәсіпқойлар үшін пайдалы болуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, С# - дегі электронды оқулық-бұл оқыту сапасын жақсартатын, оқу процесін мұғалімдер мен студенттер үшін қол жетімді және ыңғайлы ете алатын және көмектесетін өнім, оқытудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ ақпараттық технологиялар инновацияларына көбірек мүмкіндіктер беруге көмектеседі.

Жаңалығы мен маңыздылығы. С# электрондық оқулықтың жаңалығы мен маңыздылығы оның білім алушыға кез келген уақытта және кез келген жерде қосымша интерактивтілікті, пайдалану ыңғайлылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, ол студенттер, оқытушылар құрамы және басқа да ақпараттық технологиялар мамандары қолдана алатын оқу материалдарының кең спектрін ұсына алады.

Пайдалану перспективалары. Электрондық оқулықты С# - де қолданудың ықтимал перспективасы әртүрлі салаларда болуы мүмкін, мысалы:

- Қашықтықтан оқыту: С# электронды оқулығы оқу орындарында физикалық сабақтарға қатыса алмайтын студенттерді қашықтықтан оқыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

- Кәсіптік оқыту: корпорациялар мен компаниялар өз қызметкерлерін оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін С# электрондық оқулығын пайдалана алады.

- Жоғары білім: оқу орындары оқу бағдарламасын кеңейту, студенттерге қосымша ресурстар беру және білім беру сапасын арттыру үшін С# электронды оқулығын қолдана алады.

- Жеке оқыту: студенттер C# электронды оқулығын өз бетінше оқу және емтиханға дайындалу немесе сертификаттау тесттерін тапсыру үшін пайдалана алады.

Қорытынды. Ақпараттық технологиялар үнемі дамып, жетілдіріліп отырады, сондықтан C# - де электронды оқулықты енгізу білім беруді және жалпы ақпараттық технологияларды дамытудағы жаңа қадам болуы мүмкін. Бұл студенттерге материалдарды интерактивті және ыңғайлы түрде оқуға мүмкіндік береді, ал оқытушыларға оқу процесін жеңілдетуге, оқу материалдарын басқаруға және студенттердің үлгерімін бағалауға мүмкіндік береді.

Visual Studio-да жасалған электронды оқулық білім беру саласындағы технологиялық прогрестің тамаша үлгісі болып табылады. Ол пайдаланушыларға қажетті ақпаратты тез және оңай табуға мүмкіндік бере отырып, ыңғайлы интерфейс пен икемді теңшеуді ұсынады.


Сонымен қатар, Visual Studio электронды оқулығы интерактивтіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, бұл студенттерге ақпаратты жақсы түсінуге және есте сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы, Visual Studio-да жасалған электронды оқулық білім сапасын жақсарту бағытындағы маңызды қадам болып табылады және оқушылар мен мұғалімдерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Ол оқуды жақсартып, білім алу процесін жеделдетіп, оқушылардың ынтасын арттыра алады. Visual Studio-да электронды оқулықтарды пайдалану білім беруді барынша қолжетімді және тиімді етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Learn Microsoft: [<https://learn.microsoft.com/ru-ru/azure/azure-sql/database/connect-query-vscode?view=azuresql>]
2. Metanit: [<https://metanit.com/sharp/windowsforms/2.3.php>]
3. Ci Sharp: [<https://ci-sharp.ru/Teaching/komponent-RichTextBox-C.html>]


Қосымша:



1-сурет. Бағдарлама интерфейсі.

#	Name	Type	Collation	Attributes	Null	Default	Comments	Extra	Action
<input type="checkbox"/>	1	id	int(11)	UNSIGNED	No	None		AUTO_INCREMENT	Change Drop More
<input type="checkbox"/>	2	login	varchar(100)	utf8_general_ci	No	None			Change Drop More
<input type="checkbox"/>	3	pass	varchar(32)	utf8_general_ci	No	None			Change Drop More
<input type="checkbox"/>	4	name	varchar(100)	utf8_general_ci	No	None			Change Drop More
<input type="checkbox"/>	5	surname	varchar(100)	utf8_general_ci	No	None			Change Drop More

2-сурет. Дерекқор құрылымы.



3-сурет. Дайын жоба.

Курмашев Э.А., студент
Асанова Б.У., PhD, қауымд. профессор
Өтебаева А.С., аға оқытушы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

ТАПСЫРЫСТАРДЫ ІЗДЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ТЕХНИКА МЕН ЖҮК КӨЛІГІ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША

Зерттеу өзектілігі: Мобильді қосымша - белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған. Берілген жобада Android операциялық жүйесінде жасалынған «Tasu.kz» бағдарламасы. Жүк көліктері мен арнайы техника жүргізушілеріне тапсырыс іздеуге және жүк көліктері мен арнайы техниканы іздейтін тұтынушыларға арналған қосымша.

Технологияның қарыштаған заманында күн сайын мыңдаған мобильді қосымшалар құрастырылып, Google Play және Apple App Stores-қа жарияланып, кең қолданысқа шығуда.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл мобильді қосымшаны жасау өзекті мәселе болып табылады.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Жүк көліктері мен арнайы техника жүргізушілеріне тапсырыс іздеуге және жүк көліктері мен арнайы техниканы іздейтін тұтынушыларға көмек беретін қосымша, логистикалық процесті жеңілдететін және ақшаңызды үнемдейтін инновациялық, ыңғайлы қосымша жасау.

Тұтынушы ретінде:

- Мыңдаған дәлелденген, сенімді орындаушылар бар мәліметтер

базасына қол жеткізіңіз

- 5 секунд ішінде дұрыс көлікті немесе арнайы жабдықты табыңыз

- Бағаны ұсыныңыз

- Жүргізушіге тез хабарласып, келіссөздер жүргізіңіз

- GPS детекторы арқылы смартфондағы жеткізу процесін басқарыңыз

Орындаушы ретінде:

- tasu.kz тапсырысты іздеу қызметін тегін алыңыз

- Қазақстанның жеке және заңды тұлғаларының нақты тапсырыстары

ғана

- Көлікті қосыңыз және жаңа ұсыныстар туралы хабардар болыңыз

- Орындалған жұмыс үшін кепілдендірілген төлем.

Жүргізілген зерттеу әдістері: Android платформасына арналған мобильдік бағдарламасына шолу және жасалынатын мобильдік қосымша туралы деректер жинақтау мен талдау жүргізілді.

Жұмыстың мақсатын шешу үшін негізгі міндеттер тұжырымдалды:

1. Мобильдік қосымшаны қолданудағы модельдері

2. Мәліметтер базасын таңдау

3. Программалау тілін таңдау негіздемесі айқындалды

4. Бағдарламалау ортасын баптау мен әзірлеу

Бұл жұмыс мәліметтерді MySQL деректер қорын басқару жүйесі арқылы басқарылады. Интерфейс Java бағдарламалау тілінде жасалған.

Қосымшаның қолдану аймағы – жүк көлігі мен арнайы техника жүргізушілері, тапсырыс берушілер. Бұл жүк көліктері мен арнайы техника қызметтерін тез іздеуге мүмкіндік беріп қана қоймай олардың иелеріне ақша табуға көмек беретін платформа.

Ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелері (ғылыми, тәжірибелік): Android операциялық жүйесінде жасалынған «Tasu.kz» мобильді қосымшасы. 12Мб. Google Play-ға жүктелген.

Кусенғалиева Н.М., магистрант

Бигалиева А.З., PhD, аға оқытушы


Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ОБЪЕКТІЛЕРІН ЖІКТЕУДІҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРІН ҚҰРУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ

Өзектілігі – дамып келе жатқан жаңа технологияларды пайдалана отырып, ұлттық дәстүріміз бен құндылықтарымызды танытып, дәріптеу керек. Қазіргі таңда ұлттық нақыштағы киімдердің атауы мен елге танылуы ұмыт болып барады. Бағдарлама арқылы екі тілде кескіндерге анализ жасап, ұлттық киімдерді суретке түсіргенде, қандай ұлттық киім екенін танып, толық ақпаратты талдап беретін ұялы бағдарламаны құрастыру.

Жұмыстың мақсаты – машиналық оқыту әдістері негізінде ұлттық мәдениет объектілерін жіктеудің Зияткерлік жүйесін әзірлеу.

Бағдарлама соңғы жылдары өте қатты дамыған нейрондық желілер арқылы құрылды. Нейрондық желілер - күрделі тапсырмаларды орындауға арналған. Бағдарлама дайындауда ең алдымен деректер жиынтығы жасалынды. Деректер жинағы бағдарламадағы маңызды атрибуттардың бірі болып табылады. Бұл деректер жинағы машиналық оқытуда жүйемізді оқытып, үйрету қажет болып табылады. Машиналық оқытуға қажетті дайын деректер жинақтары өте көп, алайда қазақтың ұлттық нақыштағы киімдері мен аяқ-киімдерінен тұратын жинақтар жоқ. Сол себепті деректер жинағын дайындау үшін ең алдымен Google сайтынан қажетті суреттерді жүктелінеді. Деректер жинағына барлығы 500 сурет жүктелді және оларды 5 классқа бөліп қарастырылды. Яғни 100 суреттен 5 файлға бөліп салынды. (1-сурет) Суреттердің өлшемі 299x299 болд, ал форматы jpg. Біздегі 5 класстың атаулары: Ұлттық аяқ-киім, бөрік – малақай, көйлек, сәукеле, шапан.



1 – Сурет. Деректер жинағының сақталуы

Осылайша деректер жинағы жеке-жеке файлдарға салынып, өлшемдері бірдей етіп жүктелінді, оқытуға дайындап, модель құрастырылды.

Осылай конвалюциялық нейрондық желі құрастырылды. Оны оқытылуға жіберіліп, нәтижесі алынды. Енді бұл модельді сақтап, осы сақталған модельді қолдана отырып түрлі суреттерді қою арқылы тексеріледі.

Құрылған, оқытылған модельді “trained_model3.h5”-деп жадыға сақталынды.



2 – Сурет. Тестілеуге жіберген кескіндердің нәтижесі


Тестілеуге 5 түрлі класстағы суреттер жіберілді. Алғашында 4 суретті дұрыс тауып 1-еуін қате тапқан болатын. Ал екінші рет тестілеуге жібергенде 5 суреттің 5-еуін де дәл тапты. (2-сурет)

Модель құрастырылып болғаннан кейін Android Studio бағдарламасына қосу мәселесі қарастырылады. TensorFlow пакеттерін импорттағаннан кейін, numpy нейрондық желі моделі құрастырылады. Модельді мобильді құрылғыға көшіру үшін TensorFlow-lite қолданылады. Tensorflow - Lite өзі екі негізгі мақсатты көздейтін утилиталар жиынтығы. Олардың біріншісі-мобильді құрылғы үшін қолайлы нейрондық желіден модель жасау. Бұл әдетте желінің өлшемі мен күрделілігінің төмендеуін

Android Studio Java және Kotlin сияқты бағдарламалау тілдерімен өзара әрекеттесу үшін арнайы жасалған. Сондықтан, Android Studio құралдарымен танысуды шешкен бастаушы әзірлеуші жоғарыда аталған екі тілдің бірінде дағдыларға ие болуы керек және Google ОЖ үшін қосымшаларды әзірлеу негіздерін білуі керек. Android Studio іске қосылғаннан кейінгі әрекеттер тізбегі келесідей: File → New → New Project → Empty Activity

Android Studio бағдарламасында тек модель ғана қосып қоймай, сонымен қатар дизайны да жасалынды. Қажетті батырмалар мен камераны таңдау, сурет өлшемі, нәтижелері ойластырылып, жасалынды. Түсі мен өзгертулері жасалынған соң қажетті орынға сақталынады. (4-сурет)

Бағдарлама дизайны дайын болғаннан кейін “ML.app” ретінде сақталынды. Сақталған бағдарлама ұялы телефонға жүктелініп, тексерілді. Нәтижесі келесідей.(5-сурет)



4 – Сурет. Android Studio бағдарлама дизайны

ML App



1
Борик - Малакай
Борик - Малакай

ML App



0
Национальная обувь
Национальная обувь

5 – Сурет. Ұялы телефондағы нәтижелер

Қорытындылай келе қажетті моделіміз құрылды, ұлттық киімдер кескіндерідер жиналды және нейрондық желі арқылы модуль құрастырылды. Java, Kotlin, python, C++ бағдарламалық тілдері арқылы мобильді қосымшасы құрылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://www.deeplearningbook.org/>

2 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://mlfromscratch.com/activation-functions-explained/#/>

3 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://mlfromscratch.com/activation-functions-explained/#/>

4 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://habr.com/ru/post/464871/>

5 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://www.geeksforgeeks.org/introduction-deep-learning/>

6 [Электронды ресурс]. – Қол жетімді режимі:
<https://livesurf.ru/zhurnal/6068-metody-obucheniya-nejronnyx-setej.html>

*Мустафинова Д.Е., студент
Серикбаева А.Б., ст. преподаватель
Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина*

ПАРАЛЛЕЛЬНЫЙ АЛГОРИТМ УМНОЖЕНИЯ МАТРИЦ

Рассмотрим параллельный алгоритм умножения матриц, в основу которого будет положено разбиение матрицы A на непрерывные последовательности строк (горизонтальные полосы).

1. Определение подзадач

Из определения операции матричного умножения следует, что вычисление всех элементов матрицы C может быть выполнено независимо друг от друга. Как результат, возможный подход для организации параллельных вычислений состоит в использовании в качестве базовой подзадачи процедуры определения одного элемента результирующей матрицы C . Для проведения всех необходимых вычислений каждая подзадача должна производить вычисления над элементами одной строки матрицы A и одного столбца матрицы B . Общее количество получаемых при таком подходе подзадач оказывается равным n^2 (по числу элементов матрицы C).

Рассмотрев предложенный подход, можно отметить, что достигнутый уровень параллелизма является в некоторой степени избыточным. Обычно при проведении практических расчетов количество сформированных подзадач превышает число имеющихся вычислительных элементов (процессоров и/или ядер) и, как результат, неизбежным является этап укрупнения базовых задач. В этом плане может оказаться полезным агрегация вычислений уже на шаге выделения базовых подзадач. Возможное решение может состоять в объединении в рамках одной подзадачи всех вычислений, связанных не с одним, а с несколькими элементами результирующей матрицы C . Определим базовую задачу как процедуру вычисления всех элементов одной из строк матрицы C . Такой подход приводит к снижению общего количества подзадач до величины n .

Для выполнения всех необходимых вычислений базовой подзадаче должны быть доступны одна из строк матрицы A и все столбцы матрицы B . Простое решение этой проблемы – дублирование матрицы B во всех подзадачах. Следует отметить, что такой подход не приводит к дублированию данных, поскольку разрабатываемый алгоритм ориентирован на применение для вычислительных систем с общей разделяемой памятью, к которой имеется доступ со всех используемых вычислительных элементов.

2. Выделение информационных зависимостей

Для вычисления одной строки матрицы C необходимо, чтобы в каждой подзадаче содержалась строка матрицы A и был обеспечен доступ ко всем столбцам матрицы B . Способ организации параллельных вычислений представлен на рисунке 1.




Рис. 1. Организация вычислений при выполнении параллельного алгоритма умножения матриц, основанного на разделении матриц по строкам

3. Масштабирование и распределение подзадач

Выделенные базовые подзадачи характеризуются одинаковой вычислительной трудоемкостью и равным объемом передаваемых данных. В случае, когда размер матриц n оказывается больше, чем число вычислительных элементов (процессоров и/или ядер) p , базовые подзадачи можно укрупнить, объединив в рамках одной подзадачи несколько соседних строк матрицы. В этом случае, исходная матрица A и матрица-результат C разбиваются на ряд горизонтальных полос. Размер полос при этом следует выбрать равным $k=n/p$ (в предположении, что n кратно p), что позволит по-прежнему обеспечить равномерность распределения вычислительной нагрузки по вычислительным элементам.

4. Анализ эффективности

Данный параллельный алгоритм обладает хорошей «локальностью вычислений». Это означает, что данные, которые обрабатывает один из потоков параллельной программы, не изменяются другим потоком. Нет взаимодействия между потоками, нет необходимости в синхронизации. Значит, для того, чтобы определить

время выполнения параллельного алгоритма, необходимо знать, сколько вычислительных операций выполняет каждый поток параллельной программы (вычисления выполняются потоками параллельно) и сколько данных необходимо прочитать из оперативной памяти в кэш процессора (доступ к памяти осуществляется строго последовательно).

Для вычисления одного элемента результирующей матрицы необходимо выполнить скалярное умножение строки матрицы A на столбец матрицы B . Выполнение скалярного умножения включает $(2n-1)$ вычислительных операций. Каждый поток вычисляет элементы горизонтальной полосы результирующей матрицы, число элементов в полосе составляет n^2/p . Таким образом, время, которое тратится на вычисления, может быть определено по формуле:

$$T = \frac{n^2(2n-1)}{p} \cdot \tau \quad (1)$$

Для вычисления одного элемента результирующей матрицы C необходимо прочитать в кэш $n+8n+8$ элементов данных. Каждый поток вычисляет n/p элементов матрицы C , однако для определения полного объема переписываемых в кэш данных следует учитывать, что чтение значений из оперативной памяти может выполняться только последовательно. Как результат, сокращение объема переписываемых в кэш данных достигается только для матрицы B (прочитанный однократно в кэш столбец матрицы B может использоваться всеми потоками без повторного чтения из оперативной памяти). Чтение же строк матрицы A и элементов матрицы C в предельном случае должно быть выполнено полностью и последовательно. Как результат, время работы с оперативной памятью при выполнении описанного параллельного алгоритма умножения матриц может быть определено в соответствии со следующим соотношением:

$$T_{memory} = \frac{8 \cdot (n^3 + 8n^3/p + 8n^2)}{\beta} \quad (2)$$

где β - пропускная способность канала доступа к оперативной памяти.

Следовательно, время выполнения параллельного алгоритма составляет:

$$T_p = \frac{n^2(2n-1)}{p} \cdot \tau + \frac{8 \cdot (n^3 + 8n^3/p + 8n^2)}{\beta} \quad (3)$$

Следует отметить, что при выполнении задачи несколькими потоками часть обращений к памяти может выполняться одновременно с вычислениями. При выполнении матричного умножения большая доля времени тратится на обращение к памяти, а так как процесс вычислений и чтение необходимых данных из оперативной памяти в кэш процессора могут происходить одновременно, формула (3) может быть модифицирована следующим образом:

$$\frac{8 \cdot (n^3 + 8n^3/p + 8n^2)}{\beta} \leq T_p \leq \frac{n^2(2n-1)}{p} \cdot \tau + \frac{8 \cdot (n^3 + 8n^3/p + 8n^2)}{\beta} \quad (4)$$

5. Программная реализация

Функция `ProcessInitialization`. Эта функция определяет размер матриц и элементы для матриц *A* и *B*, результирующая матрица *C* заполняется нулями. Значения элементов для матриц *A* и *B* определяются в функции `RandomDataInitialization`.

```
// Function for memory allocation and data initialization
void ProcessInitialization (double* &pAMatrix, double* &pBMatrix,
double* &pCMatrix, int &Size) {
    int i, j; // Loop variables

    do {
        printf("\nEnter size of the initial objects: ");
        scanf("%d", &Size);
        if (Size <= 0) {
            printf("Size of the objects must be greater than 0! \n ");
        }
    } while (Size <= 0);

    pAMatrix = new double [Size*Size];
    pBMatrix = new double [Size*Size];
    pCMatrix = new double [Size*Size];
    for (i=0; i<Size; i++)
        for (j=0; j<Size; j++)
            pCMatrix[i*Size+j] = 0;
    RandomDataInitialization(pAMatrix, pBMatrix, Size);
}
```

Для того, чтобы разработать параллельную программу, реализующую описанный подход, при помощи технологии OpenMP, необходимо внести минимальные изменения в функцию умножения матриц. Достаточно добавить одну директиву `parallel for` в функции `SerialResultCacluation` (назовем новый вариант функции `ParallelResultCacluation`):

```

// Function for calculating matrix multiplication
void ParallelResultCalculation(double* pAMatrix, double* pBMatrix,
double* pCMatrix, int Size) {
    int i, j, k; // Loop variables
#pragma omp parallel for private (j, k)
    for (i=0; i<Size; i++)
        for (j=0; j<Size; j++)
            for (k=0; k<Size; k++)
                pCMatrix[i*Size+j] += pAMatrix[i*Size+k]*pBMatrix[k*Size+j];
}

```

Данная функция производит умножение строк матрицы A на столбцы матрицы B с использованием нескольких параллельных потоков. Каждый поток выполняет вычисления над несколькими соседними строками матрицы A и, таким образом, получает несколько соседних строк результирующей матрицы C .

б. Результаты вычислительных экспериментов

Рассмотрим результаты вычислительных экспериментов, выполненных для оценки эффективности параллельного алгоритма умножения матрицы на вектор. Разработка программ проводилась в среде Microsoft Visual Studio 2012, для компиляции использовался Intel C++ for Windows 10.

Результаты вычислительных экспериментов приведены в таблице 1. Время выполнения алгоритмов указаны в секундах.

Таблица 1. Результаты вычислительных экспериментов для параллельного алгоритма умножения матриц при ленточной схеме разделении данных по строкам

Размер матриц	Последовательный алгоритм	Параллельный алгоритм	
		время	ускорение
100	5,1504	2,9426	2,0230
500	8,0005	4,5114	2,0012
1000	23,0975	11,5856	1,9937
1500	80,9673	40,2758	2,0103
2000	172,8723	87,0490	1,9859

Использованная литература:

1. Кареева, Е. Д. Основы многопоточного и параллельного программирования : учеб. пособие / Е. Д. Кареева. – Красноярск: Сиб. федер. ун-т, 2016. – 356 с.
2. Богачёв К. Ю. Основы параллельного программирования: учебное пособие / К. Ю. Богачёв. — 4-е изд., электрон. — М.: Лаборатория знаний, 2020. — 345 с.
3. Соснин В.В., Балакшин П.В. Введение в параллельные вычисления. - СПб: Университет ИТМО, 2015. — 51 с.
4. Уильямс Энтони. С++. Практика многопоточного программирования. — СПб.: Питер, 2020. — 640 с.

Оразбахов А.Қ., магистрант

Құлмырзаев Н.С., э.ғ.к., экономика және құқық институты директоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН АВТОКӨЛІК ТҰРАҒЫНДАҒЫ БОС ОРЫНДАРДЫ РЕТТЕУ

Мен “Ақылды қала” тұжырымдамасына сүйене отырып қалалық тұрақтарды басқару үшін инновациялық өнімді әзірлеуді қолға алдым. Яғни көлік тұрақтарының жұмысын жеңілдету мақсатында біршама зерттеулер жүргізе отырып, оңтайлы шешімін іздей бастадым. Сараптай келе көлік тұрақтарында туындайтын мәселелерді қарастыра отырып, қазіргі көлік тұрақтарының қолайсыз екеніне толықтай көзім жетті. Бұл жерде қарастылып отырылған басты мәселе- жүргізушінің бос тұрақ іздеуіне көп уақыт кетіруі болып отыр.

